

ЖАППАЙ ЦИФРЛЫҚ
ЕЛ БОЛУ МИССИЯСЫ

2

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №81 (6643) 12 қыркүйек, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

ЗАМАНАУИ ШЕШІМДЕР

Халықаралық серіктестік пен ынтымақтастық мәселелері талқыланды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Франция Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Сильван Гиогеман кездесті.

Тараптар экономика, кәсіпкерлікті дамыту, мәдени-гуманитарлық байланыстар, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы, қалалық ортаны жаңғырту және мегаполисте жайлы өмір үшін заманауи шешімдерді енгізу мәселелерін талқылады.

Дархан Сатыбалды Алматы еліміздің ірі мегаполисі ретінде француз бизнесімен әртүрлі салаларда – туризм, қонақүй индустриясы, шағын және орта кәсіпкерлік бағытында серіктестікке ашық екенін атап өтті. «Бүгінде Алматыда француз капиталының қатысуымен шамамен, 60 кәсіпорын жұмыс істейді. 2005 жылдан бері Қазақстан экономикасына құйылған француз инвестициясының жалпы көлемі 20 млрд доллардан асты. Біз серіктестер үшін барлық жағдайды жасап отырмыз: қалада арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бар. Сонымен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыстар да белсенді дамуда. Алматыда француз тілі мен мәдениеті жоғары бағаланады. Қаламыздың іскерлік ортасы сергек жаңашылдыққа ашық әрі сенімді серіктестікке ұмтылысымен ерекшеленеді», – деді шаһар басшысы.

Өз кезегінде Сильван Гиогеман Францияның білім, мәдениет және экономика салаларында ынтымақтастықты кеңейтуге және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар екіжақты байланыстарды нығайту және Қазақстан мен Францияны жақындастыратын жаңа бастамаларды дамыту ниетін растады.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».



АЛМАТЫ АУДАНДАРЫ

«Халық қатысатын бюджет»:

«ЖАС ҚАНАТТАҒЫ» ЖАҢА ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ
тұрғындарға қуаныш сыйлады

Түркісіб ауданында тұрғындар көптен күткен жаңа демалыс орны ашылды. «Жас қанат» шағынауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандырылған қоғамдық кеңістік қазірдің өзінде жергілікті халықтың сүйікті орнына айналып үлгерді.

Жоба аясында жолдарға асфальт төселіп, аумақ көгалдандырылды. Жарық шамдары орнатылып, сәндік шағын пішіндер қойылды. Демалушыларға ыңғайлы болуы үшін орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылған. Сондай-ақ, аялдама кешені жасалып, қауіпсіздік мақсатында бейнекамералар іске қосылды.

Жаңа орынға арнайы келген зейнеткер Ләззат Жұмашқызының айтуынша, мұндай игілікті істер тұрғындардың жайлы тұрмысы мен өмір сапасын жақсартады:

«Бұрын бұл жер қараусыз жататын. Енді балаларымыз алаңсыз ойнайды, үлкендер серуендеп, тынығады. Ең бастысы – халықтың ұсынысы ескеріліп, жүзеге асқаны қуантады», – дейді ол.

Ал жас ана Әйгерім Махмұтқызы демалыс аймағының қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті: «Кешке шамдар жанып тұрады, бейнекамера бар. Балаларымызды

алаңсыз жібереміз. Осындай жобалардың көп болғанын қалаймыз», – деді ол.

Айта кетейік, биыл Түркісіб ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 32 жоба іске асырылды. Ал алдағы уақытта қала бойынша жаңа бастамаларға өтінім қабылдау жалғасуда. Қала тұрғындары өз ұсыныстарын 30 қыркүйекке дейін budget.open-almaty.kz интернет-порталы арқылы жолдай алады. Өтінімдерде жобалық ұсыныс атауы мен сипаттамасы, мақсат-

ты жердің мекенжайы, фотосуреті немесе эскизі және сметасы көрсетілуге тиіс. Сараптамалық кеңестің іріктеуінен өтіп, көп дауыс жинаған жобалар 2026 жылы жүзеге асырылмақ. Қосымша мәліметті аудан әкімдіктерінен немесе Алматы қаласы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау орталығынан 224-39-29 (ішкі 203) телефоны арқылы алуға болады.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



TikTok



@AQSHAM_NEWS



www.aqshamnews.kz



01 745178 614887

САРАПТАМА

Стратегиялық мақсат:

ЖАППАЙ ЦИФРЛЫҚ ЕЛ БОЛУ МИССИЯСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының тақырыбынан-ақ көріп тұрғанымыздай, құжатты дайындау барысында әлемде жүріп жатқан тенденция ескерілген. 2010 жылдан бері қарай жаһанда ЖИ дәуірі басталды. Биылғы Жолдауда осы бәсекеде көш ілгері шығу мақсаты қойылып отыр.

ЖИ мен цифрлық трансформация – басты назарда

Президент 11 тамызда жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізген еді. Осыған орай, 22 тамызда газетімізде шыққан мақалада биылғы Жолдауда ЖИ мәселесі көтерілуі мүмкін деп болжағанбыз. Көріп тұрғанымыздай, болжамымыз расталды. Жолдаудың ауқымы тіпті біз болжағаннан да асып түсті. Себебі, құжаттың тақырыбы елімізде Жасанды интеллектіні дамытуға арналған. Демек, ЖИ мен цифрлық трансформация Президенттің басты назарында болмақ.

Мемлекет басшысы өте маңызды стратегиялық мақсат қойып отыр. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық елге айналуы керек. Президент тұжырымдағандай, біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Қазақстанды ЖИ дәуірінде аймақтық көшбасшы елге айналдыру – маңызды миссия. Әрине, көш ілгері кеткен АҚШ пен Қытайға жету мүмкін болмас. Десе де, ЖИ арқылы экономикалық серпіліс жасап, дамыған елдер қатарына қосылуға болады.

Бұл мақсатқа жету үшін Президент мынадай міндеттер қойды:

- Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру. Қазір көптеген мемлекеттер жасанды интеллектіні дамыту мен енгізу мақсатында түрлі мемлекеттік органдар мен құрылым-



дар құруда. Д.Трамп билікке келісімен И. Маскпен бірлесе Үкіметті цифрлы трансформациялауға кірісті. Қазақстан да бұл тенденциядан қалыс қалмақ емес.

Бірақ жаңа министрлік құрылмайды, қазіргі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі атауы мен қызметі өзгеруі мүмкін. Себебі, Президент сол министрлік басшысы бір мезетте Премьер-министрдің орынбасары лауазымы қызметін атқаруы керек деді. Демек, алдағы уақытта Премьер-министрдің 7 орынбасары болуы мүмкін. Оның ішінде Р.Скляр бірінші орынбасар.

- Цифрлық кодекс қабылдау. Президент бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс деді. Жаңа заң биыл жыл соңына дейін қабылдануы мүмкін. Бұған Парламент пен Үкімет жауапты.

Президент қандай тапсырмалар берді?

ЖИ-ді дамыту мен енгізу заң шығару мен тиісті министрлікті құрумен шектелмейді. Цифрлы трансформация жүзеге асуы үшін ЖИ барлық салаға енуі тиіс.

Сондықтан Президент қысқа және орта мерзімде атқарылуы тиіс келесі тапсырмаларды берді:

- Инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту. Бұл тапсырма Премьер-министр мен Үкіметке жүктелді. Бірақ жаңа министрлік құрылмауы тиіс.

- Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет құру. Ол үшін Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауы өзгереді.

- Банк туралы жаңа заң қабылдау. Үкімет Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп банк қызметін реттейтін жаңа заңды биыл жыл соңына дейін дайындауы тиіс. Президенттің ойынша банк активтері ел экономикасын инвестициялауға жұмсалуды керек.

- Цифрлық активтердің толыққанды экожүйесін қалыптастыру. Цифрлы теңгені кең көлемде қолдануға жол ашылуы тиіс.

- Алатау қаласын еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығына айналдыру. Ол әкімшілік тұрғыдан тікелей Үкіметке бағынышты болмақ.

- Аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексі енгізу. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексі енгізуі керек.

- Мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту. Ол үшін Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, мемлекеттік секторды реформалау туралы нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Сондай-ақ, Жолдауда өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік-транзит әлеуеті және өзге де салаларды дамыту мәселелері көтерілді. Бұдан бөлек, екінші және үшінші АЭС мәселесінде нақты тапсырма берілді.

Бір палаталы парламент құрылуы мүмкін

Саяси реформалар да Президент назарынан тыс қалмады. Алдағы екі-үш жылда елімізде ірі саяси реформалар болады. Ол ең алдымен парламенттік институт қызметіне байланысты. Болашақта елімізде бір палаталы парламент жұмыс істеуі мүмкін. Бұл туралы Президент өз Жолдауында нақты айтты.

2027 жылы елімізде кезекті референдум өтпек. Онда Сенатты жойып, екі палаталы парламенттен бір палаталыға өту мәселесі бойынша халық өз таңдауын жасайды. Қазіргі парламент депутаттары, азаматтық қоғам мен сарапшылар осы бастаманы талқылап, өз ұсыныстарын енгізеді. Бұл мәселе сарапшылар тарапынан ұзақ уақыт бойы көтеріліп келді.

Бірақ Президент референдумда халық бір палаталы парламентке өтуді таңдаса, жаңа Парламент тек қана партиялық тізім бойынша сайланатынын айтты. Демек, алдағы уақытта мажоритарлы сайлау жүйесінен бас тартуымыз мүмкін. Бұл ұсыныс кейбір сарапшылар тарапынан сынға ұшырауы мүмкін. Дегенмен, партиялық жүйенің дамуына әсер ететінін мойындау қажет. Президент тек Парламентке қатысты өз ұсынысын жариялады. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде аралас сайлау жүйесі сақталуы мүмкін. Яғни мәслихаттар қазіргідей мажоритарлы және пропорционал сайлау арқылы қалыптасу ықтималдығы жоғары.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

Қазақстан – Конго:

КӨПВЕКТОРЛЫ ДИПЛОМАТИЯ

Африка құрлығы елдерімен байланыс беки түсуде

Еліміздің Африка құрлығындағы елшіліктері 2012 жылы тек Мысыр Араб Республикасында ғана болса, бүгінде Африка құрлығындағы елшіліктер саны 6-ға жетті. Соңғы екі жылда елімізге мемлекеттік сапармен Руанда, Гвинея-Бисау, Конго Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы басшыларының келуі – Орталық Азия мен Африка құрлығы арасындағы байланыстың беки түскенінің айғағы. Қазақстан мен Африка елдері арасындағы байланыс тек шикізат, инвестиция, экономикалық байланыс саласында ғана емес, көпжақты дипломатиялық байланыс аясында халықаралық ұйымдар төрінде бірнеше маңызды мәселелер бойынша ортақ көзқарас, ұстаным аясында дамуда. Қазақстанға Конго Демократиялық Республикасының Президенті Феликс Чисекеди мемлекеттік сапармен келді. Мақаламызды аталмыш мемлекеттік сапардың еліміз үшін маңызы мен мазмұнын талдап көрелік.

- Конго Демократиялық Республикасы жер көлемі бойынша Африка құрлығында Алжирден кейінгі екінші орындағы мемлекет.
- БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы: Конго Демократиялық Республикасы жер қойнауындағы қазба байлықтары ең мол мемлекеттердің бірі.
- Қазақстан мен КДР арасындағы байланыс негізінен, сирек кездесетін табиғи қазба байлықтарды меңгеру, шикізат экспорты, ауыл шаруашылығы салаларында қалыптасып отыр.
- Конго Демократиялық Республикасында әлемдік кобальт қорының 70%-дан астамы шоғырланған.
- Қазақстан мен КДР – БҰҰ аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар бойынша ортақ ұстанымда.

Астана мен Киншаса: дипломатиялық үндестік

Соңғы жылдары Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының қарым-қатынасының ауқымы артты. Феликс Чисекедидің елімізге алғашқы мемлекеттік сапары – Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының мемлекетаралық байланысының қалыптасуында өте ерекше маңызға ие қадам. Біздіңше, аталмыш сапардың маңызы тек хаттамалық деңгейде емес, сонымен қатар стратегиялық тұрғыдан Орталық Азия мен Африка арасын жақындата түсуімен ерекше. Осы тұрғыда Феликс Чисекедидің елімізге жасаған мемлекеттік сапары аясында талқыланған негізгі бағыттарды басты үш бағытқа бөліп қарастыруымызға болады.

Біріншіден, сауда-экономикалық ынтымақтастық басты басымдыққа ие болды. Қос мемлекет те табиғи ресурстарға бай, әрі жаһандық тасымал тізбегіндегі рөлі зор, логистикалық хабқа айналуға толық әлеуеті бар елдер. КДР – кобальт, мыс, колтан сияқты стратегиялық шикізаттардың ірі жеткізушісі болса, Қазақстан пайдалы қазбалармен қатар өңдеу, экспорттау саласында маңызды тәжірибеге ие. Сондықтан Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының сауда-экономика саласындағы байланысының әлеуеті өте зор екенін көреміз. Мемлекеттік сапар аясындағы келіссөз барысында тараптар екіжақты сауданы дамыту, көлік-логистика, тау-кен, ауыл шаруашылығы және ақпараттық технологиялар, цифрландыру салаларындағы ықпалдастық мәселелеріне баса мән берді.

Екіншіден, дипломатиялық байланыстың қысқа уақыт ішінде сенім мен достыққа негізделген серіктестікке айналуы назар аударуға тұрарлық деп ойлаймыз. Себебі, Қазақстан мен КДР арасында дипломатиялық байланыстың

орныққанына көп уақыт болмағанына қарамастан, қазіргі таңда өңіраралық байланыс біріздендірілген жолға түсті. Мысалы, мемлекеттік сапар аясында тау-кен және геология саласындағы ынтымақтастыққа қатысты ведомствоаралық құжаттарға қол қойылғаны осының айғағы.

Үшіншіден, әрине, сапарда мәдени-гуманитарлық және саяси байланыстарды дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Феликс Чисекедиді І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттауы біздің екі ел арасындағы қарым-қатынастың ерекше маңызын көрсететін символдық қадам. Бұл дегеніміз, тек мемлекетаралық ынтымақтастық емес, халықтар арасындағы достықтың да айғағы.

Стратегиялық әріптестік

Астана мен Киншаса арасындағы келіссөздер тек жаңа құжаттар мен уағдаластықтармен шектелмей, Қазақстанның Африка құрлығындағы рөлін айқындап берді деп ойлаймын. Аталмыш байланыстар болашақта сауда, инвестиция, технология және қауіпсіздік салаларында кең ауқымды әріптестікке жол ашады. Демек, Чисекедидің сапары екіжақты дипломатиялық байланыс тарихында жаңа белеске айналды.

Конго Демократиялық Республикасының сирек кездесетін минералдарға бай әлеуеті Қазақстан үшін маңызды жаңа мүмкіндіктердің көзіне айналатыны анық. Қазақстанның ядролық қарусыздану тәжірибесі мен бейбітшілік бастамалары КДР тарапынан жоғары бағаланып, халықаралық қауіпсіздік мәселесінде екі елдің ортақ ұстанымдары бар екендігін көрсетті. Біздіңше, Қазақстан мен Африка мемлекеттерімен алдағы уақытта ынтымақтастық тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, еліміздің геосаяси салмағын арттырып, көпполярлы әлемдегі орны мен рөлін нығайтуға ықпал етпек.

Сапардың ерекшелігі – тек шикізат пен сауда саласын қамтып қана қоймай, цифрландыру, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бағыттарын қатар дамытуға бағытталған кешенді келісімдерге жол ашуында деп түйіндейміз.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы, «Тұран» университеті.



ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ–

басты басымдық

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында елдің дамуына қатысты жаңа міндеттер жүктеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Азаматтық альянсының төрағасы Қайыржан Әбдіхалықов Мемлекет басшысының биылғы Жолдауына орай өз ойын ортаға салды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Басты назар – цифрландыруға, жасанды интеллектіні енгізу мен экономиканы тұрақты дамытуға аударылды. Жолдауда инвестиция тарту мен инфрақұрылымды жаңарту мәселелеріне айырықша маңыз берілді.

Президент елдегі барлық саланы қамтитын үлкен жоспар ұсынды. Оның сөзінше, Қазақстанның алға жылжуы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдана білуімізге байланысты. Жолдауда жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру ұсынылды. Бұл министрлік цифрландыру ісін үйлестіріп, ауыл шаруашылығы, білім

беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен су ресурстары сияқты бірнеше салаға жауапты болмақ.

Спикер Жолдауда өнеркәсіптің дамуы ерекше сараланғанын айтты. Президент тұжырымдағандай, жаңа технологиясыз экономиканы әртараптандыру мүмкін емес. Ауыл шаруашылығында да өзгеріс болады. Ғылыми орталықтар базасында агротехнологиялық хаб құрылып, су ресурстарын бақылау үшін цифрлық жүйелер енгізілмек.

– Президент көлік пен логистика саласының болашағын атап өтті. Қазақстан аймақтағы басты торапқа айналуы тиіс. Ол үшін жаңа жол салынып, саудаға қолайлы жағдай жасалады, – деп атап өтті спикер. Ескі

су мен коммуналдық жүйелерді жаңарту жоспарланып, энергияны үнемдейтін жаңа технологиялар да енгізіледі.

Жолдауда маман тапшылығы да айтылды. Кей салада білікті кадр жетіспейтіндіктен, шетелдік мамандарды тартуға тура келеді. Президенттің айтуынша, бұл қадам ғылым мен өндірісті дамытуға көмектеспек. Сондай-ақ, жол-көлік қауіпсіздігі мәселесі де қозғалды. Енді электрлі самокаттар мен кикшерингке байланысты заң қатандамақ.

«Сыртқы саясатта Қазақстан әріптестік байланыстарды жалғастыратынын, сондай-ақ Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа елдері, Үндістан, Таяу Шығыс және Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынас нығайтынын зерделедік. Жыл соңына дейін бірнеше елдің басшысы Қазақстанға сапарлап келмек. Президент саяси өзгерістерге де тоқталды. Парламенттік реформа басталып, оған сарапшылар мен қоғам өкілдері атсалысады. 2027 жылы референдум өтіп, онда Парламенттің жаңа құрылымы анықталады. Бұл Жолдау Қазақстанның жаңа даму бағытын айқындайды. Ол цифрлық технологияны дамытуға, экономика мен саясатты жаңғыртуға мүмкіндік береді», – деді Қайыржан Әбдіхалықов.



Нұрсұлтан ІЗБАҒАМБЕТОВ,
Алматы Онкология орталығының
директоры:

Халық денсаулығының сенімді кепілі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы – еліміздің стратегиялық дамуының жаңа белесін айқындап берген тарихи құжат деп есептеймін.

Әлем медицинасы соңғы онжылдықта жасанды интеллекттің әлеуетін белсенді игеріп келеді. Әсіресе, онкология саласында диагностика дәлдігін арттыру, ерте анықтау әдістерін жетілдіру, емдеу тактикасын нақтылау бағытында бұл технологияның мүмкіндіктері орасан зор. Президентіміздің бастамалары біз үшін тек қана саяси бағдар емес, нақты іс-қимыл жоспары іспетті.

Онкология орталығының басты миссиясы – халық денсаулығын қорғау. Осы тұрғыдан алғанда цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізу емделушілердің өмірін ұзартуға, сапасын арттыруға тікелей ықпал етпек. Мысалы,

молекулалық-генетикалық зерттеулерді автоматтандыру, жасанды интеллект негізінде радиологиялық кескіндерді талдау, ауру тарихын кешенді сараптау – біздің тәжірибемізде күнделікті қолдануға дайын тұрған бағыттар.

Президент Жолдауында айтылған жаңа цифрлық индустрияны қалыптастыру идеясы – тек экономикалық бәсекеге қабілеттілікті арттыру емес, сонымен бірге қазақстандық медицина ғылымының дамуына тың серпін беретін шешім. Бұл қадам жас мамандарды ғылымға тартуға, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, медициналық қызметтің сапасын түбегейлі жақсартуға жол ашады.

Алматы Онкология орталығы ұжымы Мемлекет басшысының бастамаларын толық қолдай отырып, өз тарапымыздан бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу және клиникалық жұмыстарды одан әрі тереңдетуге дайын. Біз үшін ең бастысы – халқымыздың өмірін сақтау мен денсаулығын нығайту. Ал цифрлық дәуірдің жаңа мүмкіндіктері осы мақсатқа жетудің сенімді құралы болмақ.

МАҢЫЗДЫ БАҒДАР:

Еліміздің әр азаматы – мемлекетшіл, отаншыл болса барлық қиындықты еңсереміз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауда әлеуметтік, экономикалық әрі саяси бағыттағы қордаланған мәселелер қаузалып, нақты шешу жолдары ұсынылды.



Дана
САДЫРҚАН

Біріншіден, стратегиялық маңызы бар су реформасы мәселесі көтерілді. Қазақстанда суды есепке алу технологиясы әбден ескірген. Тіпті, суды бөліп тарататын орындарда бүгінгі заман талабына сай құрылғылар жоқтың қасы. Сондықтан Президент бұл саланы ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттардың бірі ретінде атап өтті. Тоқаевтың сөзінше, еліміздегі су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасап, жасанды интеллект негізінде гидрогеология мониторингіне қатысты мәселе толық шешімін табады.

Екінші мәселе – салықтан түскен қаражаттың халық игілігіне жұмсалыуы. Жолдауда мемлекеттің адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайтыны айтылды. Яғни адамдардың адал еңбегінен түскен салық

еліміздің дамуына жұмсалыуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында болады деген сөз.

Үшіншіден, экономиканы әртараптандыру мәселесі жолға қойылды. Ішкі, сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру аса маңызды.

Мәселен, жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін жасанды интеллект технологиясын енгізу арқылы жүйелеп, цифрландыру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Жолдау барысында Президент өзінің Сенатқа он жыл басшылық еткенін айта отырып, елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерді. Бұл – қазақ жұрты үшін күтпеген ұсыныс болғаны анық. «Депутаттар нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп үйлаймын», – деді Мемлекет басшысы.

Президент атап өткендей, қазіргі таңда 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін Al-Sana бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен, жасанды интеллектімен толық істеу құзиретін қалыптастыруды мектеп қабырғасынан бастап қолға алу қажет.

Ғылым-білімге ұмтылған жастарды қолдау да назардан тыс қалмады. Қазақстанның әр азаматы – мемлекетшіл, отаншыл, халқы – тату, ішкі ахуалы – тұрақты болса ғана біз барлық қиындықты еңсеріп өтеміз. «Өркеніетті әрі озық елдің заңы – әділ, билігі – білікті, ал азаматтары саналы және белсенді болары хақ». Біз Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасауға бет бұрдық. Жолдауда айтылғандай, алдағы 3 жылда цифрлы елге айналатын Қазақстанның бейбітшілігі мен егемендігі мәңгі болғай!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Қанат ӘУЕСБАЙ, журналист, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультетінің деканы:

Әлемдік үрдістермен қатар қадам басу – дұрыс бағыт

Жолдауда Президент өте ауқымды міндет қойды: 3 жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы тиіс. Бұл – жәй ғана дабыра мақсат емес, ел дамуының жаңа деңгейін айқындаған нақты бағдар. Бүгінде цифрлық технологиялар экономикада да, күнделікті тұрмыстық үдеріске де дендеп енді. Сондықтан дұрыс бағыт – артта қалмау, керісінше, әлемдік үрдістермен қатар қадам басу. Өте маңызды әрі символикалық ұсыныс та айтылды – жасанды интеллект пен цифрлық дамуға арналған жеке министрлік құру. Мұндай орган күшті бір арнаға тоғыстыру, мамандарды біріктіру және нақты жұмыс жүйесін құру үшін қажет. Өйткені, цифрландыру дегеніміз – тек электронды мемлекеттік қызметтер мен онлайн-сервис қана емес, бұл – медицинадағы жасанды интеллект, өнеркәсіптегі автоматтандыру, білім берудегі жаңа тәсілдер. Егер осының бәрі орталықтандырылып үйлестірілсе, нәтиже әлдеқайда айқын болады.

Қазірдің өзінде біз цифрлық трансформацияның алғашқы жемісін сезініп отырмыз. Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі онлайн қолжетімді, артық кезек пен қағазбастылық азайып отыр. Жаңа жүйелердің арқасында миллиардтаған теңге көлеңкеден шығарылды, яғни бұл қаражат ел игілігіне жұмыс істей бастады. Бұл жай ғана абстрактілі сандар емес, бюджет пен қоғам үшін нақты пайда.

Цифрландыру тақырыбы, әсіресе, жастар үшін аса маңызды. Бүгінгі жасөспірімдер мен студенттер жаңа дүниені тез қабылдайды, IT саласында еңбек еткісі келеді, өз жобаларын іске қосуға ұмтылады. Ал мемлекет оларға осыған қажетті құралдарды беруі тиіс. Бұл тұрғыда стартап экосистемі дамуды, мектептерге жасанды интеллект бойынша сабақ енгізу, жас мамандарды қолдау бағдарламаларын іске асыру – артықшылық емес, шынайы қажеттілік. Алайда, технологиялар өздігінен барлық мәселені шеше алмайды. Ең бастысы – цифрлық сауаттылық. Жаңа сервистер пайдалы болу үшін адамдар оларды қолдана білуі керек. Бұл тек жастарға ғана емес, ересек буынға да, мемлекеттік қызметшілерге де, мұғалімдер мен дәрігерлерге де қатысты. Егер әркім заманауи құралдарды еркін меңгерсе, цифрландыру шын мәнінде жалпыға ортақ сипатқа ие болады.

Президенттің Жолдауы – айқын, нақты бағдар берді: біз жылдам қимылдауымыз керек. Үш жыл – аса ұзақ уақыт емес, сондықтан әрбір министрлік, әрбір құрылым және бүкіл қоғам бұл міндетті шын мәнінде маңызды деп қабылдауы қажет. Әйтпесе жаһандық үдерістерден шет қалуымыз мүмкін. Президент тұжырымдағандай, дұрыс ұйымдастырудың арқасында мақсатқа жетеміз. Бұл орайда Қазақстан инновацияларды жылдам игеріп, енгізе алатынын әлдеқашан дәлелдеді. Ендігі мақсат – қарқыннан таймау және алға батыл қадам жасау.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Әдемі СЕМБИНОВА, әлеуметтанушы:

Стратегиялық маңызы зор құжат

Мемлекет басшысының Жолдауы – ел дамуының жаңа бағытын айқындайтын стратегиялық маңызы зор құжат. Жаңа технологияларды игеру, саяси жүйені жетілдіру және қалыптастыру, экономика, әлеуметтік саланы, әрі білім беруді жаңғырту мәселелері қамтылды. Жолдауда мынадай бағыттар айқындалды:

1. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан. Президент жаңа технологиялардың қоғам өміріне еніп келе жатқанын және бұдан қалыс қалмау керек екенін айтты. Отандық кәсіпкерлер жасанды интеллектіні тиімді пайдаланбаса, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтынын да тілге тиек етті.

2. Саяси жүйені жаңғырту. Парламенттің құрылымын қайта қарау. Бір палаталы жүйеге өту туралы ұсыныс жасалды. Мұндай қадам саяси жүйені ықшамдап, тиімділігін арттыруға бағытталған.

3. Қаржы және банк секторының жарнамасы. Білім беру және ғылымды дамыту. Президент үш ауысымды мектептердің мәселесін толық шешуді тапсырды. Елімізге кәсіби білікті жұмыскерлер қажет.

4. Жастар және кадр саясаты. Жас мамандардың кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, 800 мың оқу орнының құрылуы жөнінде айтылды. Бұл шара еңбек нарығының қажеттілігін өтеп, кадр тапшылығын азайтады.

5. Әлеуметтік әділеттілік және қоғамның тұрақтылығы. Жолдауда халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік теңсіздікті азайту мәселелері де назардан тыс қалмады.

Президенттің бұл Жолдауы Қазақстанды жаңа тарихи кезеңге бастайтын, елдің стратегиялық басымдықтарын айқындаған құжат. Жаңа бастамалар елдің дамуына зор серпін берері сөзсіз.



ЖОЛДАУ – 2025

Ғылым мен технология:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Алматы – жасанды интеллект пен стартаптардың жаңа хабы



Шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының төрағалығымен әкімдік жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі кеңестің алғашқы отырысы өтті. Бұл Кеңес Президент тапсырмасына сәйкес өңірде инновациялық экожүйені қалыптастыру мақсатында құрылғанын айта кеткен жөн.

Жиынға жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылыми қауымдастық өкілдері және жас ғалымдар қатысты. Алматы қаласының әкімі өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айқындалған міндеттердің өзектілігін атап өтіп, экономиканы әртараптанды-

ру, жаңа салаларды дамыту және ғылым мен технология үшін қолайлы орта қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. «Жаһандық өзгерістер жағдайында Алматының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оның әлеуетін барынша тиімді пайдалану қажет. Ғылым мен технология дамуына қолайлы

орта қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз», – деді Дархан Сатыбалды.

Кеңесте жасанды интеллект саласына ерекше назар аударылды. Президент бастамасына сәйкес арнайы министрлік құру және AI технологияларын барлық салаға енгізу – Алматы үшін стратегиялық қадам екені айтылды. Қалада еліміздегі 254 инновациялық компанияның 52-сі жұмыс істейді.

Бұл Алматының жетекші IT-хаб ретіндегі мәртебесін айқындайды. Сонымен бірге, цифрлық шешімдердің денсаулық сақтау, білім беру және мемлекеттік қызметтерді жаңғыртуға зор серпін беретіні сөз болды. Әкім кадр даярлау ісін жетілдіру, техникалық және кәсіптік білімді өндіріс сұранысына сай бейімдеу қажеттігін атап өтті. Спикер тұжырымдағандай, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту – оқу бағдарламаларын өндірістің нақты сұраныстарына сәйкестендіруге, ғылымды коммерцияландыру – еңбек өнімділігін арттыруға және инвестиция тартуға жол ашпақ.

Қаланың ғылыми қызметінің негізгі бағыттары ретінде экология, сейсмика, инфрақұрылым, көші-қон және зияткерлік әлеуетті дамыту белгіленді. *«Мегаполисте жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру үшін ғылыми институттар мен ғалымдардың қолданбалы зерттеулерін, тың идеяларын тәжірибеге енгізу маңызды. Алматы басқа қалаларға үлгі болып, жаңа идеялар мен үздік тәжірибелердің қайнар көзіне айналуы тиіс»,* – деп түйіндеді Дархан Сатыбалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СЕРІКТЕСТІК

СЕРПІНДІ БАҒЫТ

Шаһар басшысы америкалық World Water Works компаниясымен су тазарту жүйесін жаңғырту жайын талқылады

Алматы әкімі Дархан Сатыбалды су тазарту саласында инновациялық шешімдерімен танымал болған америкалық World Water Works компаниясының басшыларымен жүздесті.

Тараптар шаһардағы кәріз-тазарту нысанын жаңғырту бойынша бірлескен жобаны талқылады. Қазақстан тарапы мегаполистің су бұру жүйесін жетілдіруге бағытталған жоспарымен бөлісті. Ал World Water Works өкілдері АҚШ, Еуропа және Азиядағы ағын суларды тазартудың озық технологиясын таныстырды.

– Алматы үшін тазарту құрылыстарын жаңғырту және су бұру жүйесінің тиімділігін арттыру – басты басымдықтардың бірі. Бұл жобалар экологияға, алматылықтардың өмір сүру сапасына және қаланың дамуына тікелей қатысты. Біз World Water Works компаниясымен серіктес бола отырып, үлкен мүмкіндікке қол жеткіземіз. Заманауи технология енгізу арқылы ағын суларды тазарту деңгейін едәуір арттыра аламыз, – деді Дархан Сатыбалды.

Жиынға қатысқан ҚР СІМ Инвестициялар комитеті төрағасының орынбасары Сұлтанғали Кинжақұлов жоба-

ны жүзеге асыруға мемлекет жан-жақты қолдау көрсететінін атап өтті. Оның айтуынша, экология, инфрақұрылым және сумен қамту саласына шетелдік инвесторларды тарту – ел үшін басты міндеттің бірі. Қазақстан бизнестің ұзақ мерзімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасап, барлық кезеңде қолдау көрсетіп келеді.

Өз кезегінде World Water Works компаниясының президенті Амареш Конаманени ұйымның АҚШ, Канада, Мексика, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыста жобаларды сәтті жүргізіп жатқанын айтты. Енді олар Орталық Азия нарығына қадам баспақ. Сондай-ақ, ол World Water Works Астанада жұмыс бастап кеткенін және Алматыны жаңа жобаларға серпінді бағыт ретінде қарастырып отырғанын жеткізді.

Тараптар бірлескен жобаны егжей-тегжейін талқылауды жалғастырып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында серіктестікті тереңдетуге ниет білдірді.

«Барлық» базары:

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі жұмыс сапары барысында «Барлық» базары орналасқан аумақтағы негізгі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы барысымен танысты.

Бұл жобалар қаланың көлік және инженерлік жүйесін дамытуға бағытталған. Әкім метрополитеннің бірінші желісінің үшінші кезегіне қатысты жобаға тоқталды. Ол «Қалқаман» станциясынан «Барлық» базарына дейінгі аралықты қамтиды. Жоспарға сәйкес, ұзындығы 5,3 шақырымдық тоннельдер қазылып, үш станция салынбақ. Сонымен қатар «Барлық» базары аумағында бірыңғай көлік-айырбас торабы (хаб) жасалады. Болашақ хаб құрамына метро станциясы, қалааралық автобекет, жеңіл рельсті көлік станциясы және автотұрақ кіреді. Жоба Алматының шет

аймақтарын орталықпен байланыстырып, тұрғындардың барынша ыңғайлы қоғамдық көлікпен қатынауына мүмкіндік бермек.

Сапар барысында Дархан Сатыбалды жер асты су алу қондырғысы – «Ақжайық (Барлық)» жобасымен де танысты. Жаңа нысан Наурызбай және Алатау аудандарындағы 80 мыңнан астам тұрғынға тәулігіне 43 мың текше метрге дейін су береді. Бұл жоба қаланың батыс бөлігін су жүйесімен қамтиды. Қала әкімі сондай-ақ, метро құрылысына арналған жер телімдерін келісу мен сатып алуды жеделдетуді, жобалық-сметалық құжаттаманың мемлекеттік сараптамадан белгіленген мерзімде өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен бірге, болашақ көлік торабының қауіпсіздігі мен жайлылығына баса назар аударуды әрі «Ақжайық (Барлық)» су алу жобасын қатаң бақылауда ұстауды міндеттеді.

Наурызбай ауданы:

20 КӨШЕГЕ – ЖАҢА АРЫҚТАР

Наурызбай ауданында арық жүйесін дамыту жұмыстары жалғасуда. Қазіргі уақытта ауданның 348 көшесінің 105-інде арық бар, олардың жалпы ұзындығы 108 шақырым. Бұл туралы Наурызбай ауданының әкімдігі хабарлады.

Қарқынды өсіп келе жатқан тұрғын аймақтарды ескере отырып, 2026 жылы 31 шілдеге дейін Экология және қоршаған орта басқармасымен бірлесіп, 20 көшеге жаңа арықтар салу және арық арналарынан өтетін 12 жаяу жүргінші мен көлік өткелін қайта жаңғырту жоспарланған. Бұл жұмыстар су тасқыны қаупін азайтып, жол жабындысын сақтауға, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасауға мүмкіндік бермек. «Қалқаман» шағынауданында аумақтың негізгі бөлігін қамтитын жұмыстар қолға алынған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЛАТАУ АУДАНЫ

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР:

құрылыс жұмыстары мерзімінде аяқталады

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Алатау ауданына жұмыс сапары барысында «Айгерім-1,2» және «Шаңырақ-1» шағынаудандарының тұрғындарымен кездесті. Тұрғындар ауызсу және кәріз желілерінің құрылысы баяу жүріп жатқанына наразылық білдірді.

«Айгерім-1,2» шағынауданында тарау желілерінің құрылысы жүргізілуде. Жобаны жүзеге асыру 2021 жылы басталған. Су құбырының жалпы ұзындығы – 104,5 шақырым, кәріз желісі – 29,5 шақырым. Шаһар басшысы жұмыстың орындалу қарқынына көңілі толмай, бақылауды күшейтуді тапсырды. Құрылысты аяқтау келесі жылға жоспарланған. Бұдан бөлек, Дархан Сатыбалды көшелерді асфальттауды соза бермей, желі құрылысы біткен аумақтарға жол жабындысын кезең-кезеңімен төсуді, ал жұмыс әлі жүріп жатқан учаскелерде уақытша асфальт қиыршығын пайдалануды тапсырды.

«Шаңырақ-1» шағынауданында тарау желілерін салу жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба бойынша ұзындығы 45,7 шақырым су құбыры, 53,8 шақырым кәріз желісі және 10 кәріздік-сорғы станциясы салынып, 2,2 мыңнан астам тұтынушы қамтылуы тиіс. Тұрғындар жобаның ұзаққа созылғанына шағымданды. Алматы әкімі жұмысты екі ай мерзімінде аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар, тұрғындардың өтініші бойынша бастапқы жобаға кірмеген төрт көшеге асфальт төселеді. Инженерлік желілер тартылып біткен учаскелерде де кезең-кезеңімен жол жабындысы төселеді.

Жергілікті халық жол қауіпсіздігі, көше жарығы, балалар алаңқайларын салу және өзге де мәселелерді көтерді. Дархан Сатыбалды жауапты басқармаларға оларды шешу жолдарын қарастырып, тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ҚАЛА ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ТОЛЫҚ ДАЙЫН БОЛУЫ ТИІС

Коммуналдық қызмет пен жол жөндеу жұмыстарына бақылау күшейеді

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды құрылыс сапасы, абаттандыру, қысқы маусымға дайындық және қала көшелеріндегі жол қазу-жөндеу жұмыстары жөнінде жауапты басқармалармен кеңес өткізді.

Жиында айтылғандай, жыл басынан бері құрылыс нысандары 886 рет тексеріліп, 486 заңбұзушылық анықталған. Соның нәтижесінде 390 нұсқама беріліп, 301 құрылыс лицензиясы жойылған, тағы 23-і тоқтатылған. Жұмыс сапасы мен ережесін өрескел бұзған 58 мердігер ұйым, 7 техникалық қадағалау компаниясы мен 43 жобалау фирмасы жауапкершілікке тартылған. Заңсыз салынған ғимараттар да назардан тыс қалған жоқ. Сотқа 68 талап арыз жолданып, оның 35-і сүруге жіберілді.

Биылдың өзінде 33 заңсыз нысан бұзылған. Қала аумағында қазір 227 инженерлік желілер төсеу және жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. Оның 200-і жыл соңына дейін пайдалануға берілуі тиіс. Алайда, 21 жобада кестеден кешігу қаупі бар. Әкім «Алматы Су», «Алматы жылу желілері» мен «Алатау Жарық Компаниясы» сияқты негізгі мекемелердің жұмысына ерекше назар аудару қажеттігіне назар аударды.

Жол жөндеу барысында асфальттың жұқа төселуі, жиектастардың дұ-



рыс қойылмауы сияқты кемшіліктер де анықталған. Шаһар басшысы ұзақ уақыт қазылып жатқан жерлердің тұрғындарға қолайсыздық туғызатынын ескертіп, траншеяларды қоршаусыз қалдыруға, көшелерді қоқыс пен топыраққа толтыруға және асфальтты сапасыз төсеуге болмайтынын қадап

айтты. «Әрбір мердігер мен тапсырыс беруші өз жұмысына жауапты. Қала қысқы маусымға толық дайын болуы тиіс», – деді Дархан Сатыбалды.

Қысқа дайындық аясында 993 арнайы техника әзірленген, қосымша 66 жаңа машина сатып алу жоспарланып отыр. 56 мың тонна арнайы қоспа

дайындалған, қазан айының ортасына дейін бұл көрсеткіш толық 100 пайызға қамтамасыз етілмек. Қар ерітетін алғашқы бекет іске қосылды, тағы екеуі биыл салынбақ.

Қала құрылысы басқармасының дерегінше, Алматының жоғарғы бөлігінде берілген сәулет-жоспарлау тапсырмасы мен құрылысқа рұқсаттар 35 пайызға қысқарған. Президент тапсырмасына сәйкес, тау бөктерінде құрылысқа мораторий енгізілгені белгілі. 10 қарашаға дейін Құрылыс ережелеріне өзгерістер енгізу аяқталады, ал 2026 жылы мамырға дейін Бас жоспар түзетіледі.

Мегаполис әкімі жиналыста жауапты құрылымдарға қазылған жолдарды дер кезінде қалпына келтіруді, мердігерлерді жауапқа тартуды, алдағы қысқы маусымға толық дайындықты қамтамасыз етуді, әсіресе, коммуналдық қызметтердің жұмысына ерекше назар аударуды қатаң тапсырды.

Сондай-ақ, жыл соңына дейін бекітілген мерзімінен кешігіп жатқан нысандарды аяқтауды, тау бөктеріндегі құрылысқа бақылауды күшейтуді, Бас жоспарды уақытылы түзетуді, қала қысқа толық дайын болуы үшін арнайы техника мен реагенттерді белгіленген мерзімде сатып алуды міндеттеді.

МУЗЕЙ

МЕГАПОЛИСТЕГІ МӘДЕНИ МЕКЕН

Шаһарда Almaty Museum of Arts заманауи өнер ордасының таныстырылымы өтті



Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, кәсіпкер әрі меценат Нұрлан Смағұлов, қазақстандық және шетелдік мәдениет қайраткерлері, сондай-ақ 30-дан астам халықаралық басылым өкілдері қатысты.

Жиында сөз алған Аида Балаева бұл жоба еліміздің мәдени әрі рухани өміріндегі маңызды оқиға екенін атап өтті: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында жас ұрпақ дәстүрлі құндылықтармен қатар, жаңашылдық пен жасампаздықты патриотизмнің негізі ретінде көруі қажет екенін айтқан. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа музей дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстыратын, Қазақстан мен Орталық Азия

мәдениетін әлемге паш ететін алаң болмақ», – деді министр.

Жалпы аумағы 10 мың шаршы метрді құрайтын музей екі қиылысқан ғимараттан тұрады. Ол 56,1 млрд. теңге жеке инвестиция есебінен салынған. Бір мезетте 500 қонақ қабылдай алады. Ғимарат британдық сәулетшілердің жобасымен тұрғызылып, заманауи жабдықтармен қамтылған. Мұнда өнер туындыларын сақтау, көрсету, қалпына келтіру мүмкіндіктері қарастырылған.

Көрме залдары Қазақстанның мәдени мұрасы мен табиғи байлығын дәріптейді, онда қазақстандық және әлемдік заманауи суретшілердің туындылары бар.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды бұл мәдени орталықтың ашылуын қаланың дамуындағы ерекше қадам деп бағалады:

– Алматы – еліміздің мәдени орталығы. Мұндай кешеннің ашылуы жастардың креативті ойлауын дамытуға, олардың мәдениет саласында өзін сынап көруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, Алматының туристік және экономикалық әлеуетін де жаңа деңгейге көтереді, – деді шаһар басшысы.

Музейдің негізін қалаған белгілі

кәсіпкер әрі меценат Нұрлан Смағұлов өз қорынан өнер мекеніне Қазақстан, Орталық Азия және әлем суретшілерінің 700 туындысын сыйға тартты.

Жаңа өнер ордасында халықаралық жобалар, уақыт өте жаңарып отыратын көрмелер, білім беру бағдарламалары, шеберлік сабақтары, реставрация шеберханасы және кітапхана жұмыс істейтін болады. Ал сыртқы аумағында 5 мың шаршы метрлік демалыс аймағы, ашық аспан астындағы мүсіндер мен субұрқақтар орналасқан.

Музей қала тұрғындары мен қонақтары үшін бүгін, 12 қыркүйектен бастап ашылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖОЛДАР ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Алматының жаңа келбеті қалыптасып келеді

Қала әкімі Дархан Сатыбалды инженерлік желілерді және қалалық инфрақұрылымды жылыту маусымына дайындау мәселесін талқылаған аппараттық кеңес өткізді. Кеңесте әкім жауапты тұлғалар мен мердігер компаниялардың жұмысты созып жібергенін сынға алып, қарқынды арттыруды тапсырды. Барлық нысандардағы жұмыс 14 қыркүйекке дейін толық аяқталуы қажет екені қатаң ескертілді. Әкім әсіресе, қазу жұмыстары біткеннен кейінгі жолдарды қалпына келтіру және тұрғындарды үздіксіз жылумен қамтуға ерекше назар аударды. «Дайындықтағы кез келген кідіріс – жол берілмейтін жағдай. Өйткені, ол тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты», – деді Д.Сатыбалды. Шаһар басшысының сөзінше, барлық жұмыстардың орындалу барысы тұрақты бақылауда болады.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДІ
ЖАҢҒЫРТУ

Соңғы кезде Алматы көшелерінде жол жөндеу, инфрақұрылым жұмыстары қарқын алып, соның салдарынан жол қозғалысы қиындағаны рас. Алайда, бұл жұмыстардың барлығы алып шаһардың жаңа келбетін қалыптастыру мен қала тұрғындарының жайлы тұрмысын қамтамасыз ету үшін жасалып жатқан игі қадамдар.

Мегаполис жолдарында қазір қайнаған құрылыс жүріп жатыр. Алғашында тұрғындарға қолайсыздық тудыратындай көрінісінген, шын мәнінде бұл жұмыстар – алдағы ондаған жылдарға жасалып жатқан үлкен инвестиция. Өйткені, дәл осы инженерлік желілерді жаңарту арқылы мегаполис тұрғындары кепілді түрде жарықпен, сумен және жылумен қамтамасыз етіледі.

Алматы қаласы Энергетика және су басқармасының дерегінше, жылу жүйелерінің 56%-ы тозған. Соның салдарынан соңғы жылдары апат жиілеп, қыс сайын ондаған үй жылусыз қалып келген. Қала басшылығы берген түсініктемелерде, қазіргі жөндеу жұмыстары осындай қолайсыздықтың алдын алу үшін жоспарлы түрде кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Дәл қазіргі уақытта жылу жүйелерін ауқымды түрде қайта құруға арналған құрылыс жұмыстары жалпы ұзындығы 39 шақырымды құрайтын 61 нысанда жүріп жатыр. Оның ішінде Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы – 10 нысанда (4,7 шақырым), ал «Алматы жылу желілері» ЖШС – 51 нысанда (34,3 шақырым) жұмыс жүргізуде. Жөндеу жұмыстары жылыту маусымы аяқталысымен бірден басталған. Бүгінде құрылыс-монтаж жұмыстарының басым бөлігі, яғни үштен екісінен астамы орындалып қойды. Жоспар бойынша реконструкция толықтай биыл қыркүйектің соңына дейін толық аяқталмақ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фазыл РАДЖАБИ,
тұрғын:

САПАЛЫ ЖОЛ КӨЗ ҚУАНТАДЫ

Мен осы көшенің жоғарғы жағы – Ясауи мен Шалыпин аралығында тұрамын. Біраз уақыттан бері жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының куәсімін. Әрине, мұндай ауқымды іске уақыт кететіні түсінікті. Соған қарамастан, біз – тұрғындар ризамыз. Қыркүйекте аяқтаймыз деп жоспарлаған екен, қазірдің өзінде бітейін деп қалды. Көлік қозғалысы уақытша шектелгенімен, жаяу жүргіншілер еркін жүріп жатырмыз. Ең бастысы, жыл сайынғы жамау-жасқау жұмыстан құтылып, көшеміз сапалы жолға ие болады.

Мұхитдин СЕЙІТЖАНОВ,
көлік жүргізуші:

ТҮСІНІСТІКПЕН ҚАРАЙМЫЗ

Көшелердің бір мезетте түгел қазылып кеткені бізге ауыр болып тұр. Жұмысқа уақытында жете алмай қаламыз, жанармай да артық кетеді. Жүргізушілердің жүйкесі жұқарып, кейде бір-бірімен түсініспеушілік туындайды. Енді бір жағынан бұндай жұмысты тез біте қалатындай көргенімізбен, шын мәнінде оңай жұмыс емес. Қарапайым ғана мысал, мәселен үйіңе су жүргізетін болсаң немесе шұңқыр қазатын болсаң, бір күнде біте салмайды ғой. Бұл жұмыс соның көлемді түрі. Сондықтан барынша түсіністікпен қарауға тырысып жүрміз.

ҮШ АУДАН ҮЗДІКСІЗ АУЫЗСУМЕН
ҚАМТЫЛАДЫ

Мамандардың есебінше, биылғы жөндеулер нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі 56,1%-дан 54,3%-ға төмендейді. Әсіресе, апат жиі тіркелетін нүктелер қамтылғандықтан, жылудың тұрақтылығы артып, төтенше жағдайлардың азаюына ықпал етеді деп күтілуде. Сонымен қатар, су құбыры мен канализация жүйелері де жаңартылып жатыр. Биылдың өзінде ғана 60 шақырым құбыр ауыстырылмақ.

«Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Өтім департаментінің директоры Серік Шағыров қаладағы су және кәріз желілерінің жағдайын былай түсіндірді:

– Алматыдағы инженерлік желілердің

басым бөлігі 1970–80 жылдары салынған. Олар 40–50 жылдан бері үздіксіз қолданыста. Соңғы жылдары жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде тозу деңгейін 60 пайыздан 50 пайызға дейін төмендетуге қол жеткіздік. 2025 жылы өз қаражатымыз есебінен тағы 60 шақырым ескірген желіні ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Жұмыс жүргізіліп жатқан аудандарда тұрғындарға суды үзбей беру қамтамасыз етіледі, негізгі көшелерде көлік қозғалысын сақтау үшін барынша жағдай жасалуда, – дейді ол.

Айта кеткен жөн, инженерлік желілерді жаңарту жұмыстары апаттық жағдайды талдау нәтижесінде анықталған учаскелерде жүргізілуде. Солардың бірі – Мыңбаев көшесіндегі диаметрі 600 мм магистральдық су құбыры. 2017–2024 жылдар аралығында мұнда 38 рет апат тіркелген. Қазір бұл жерде жаңа коммуникациялар орнатылып жатыр. Жоба Алматы, Бостандық және Әуезов аудандарының тұрғындарын үздіксіз ауызсумен қамтуға бағытталған. Жөндеу қазан айына дейін аяқталмақ.

– Аталған су құбыры 1971 жылдан бері пайдаланылып келеді, тозу деңгейі өте жоғары. Ұзындығы – 4,147 шақырым. Толық реконструкциядан кейін 60 мыңнан астам қала тұрғынына тұрақты әрі сапалы су жеткізу мүмкін болады, – деді Серік Шағыров.

Осыған ұқсас жұмыстар Ә.Кекілбаев көшесінде де жүргізілуде. Мұнда ұзындығы 600 метрлік кәріз желісі жаңартылуда. Қазіргі таңда жұмыстар аяқталуға жақын. Жоба аталған аумақтағы жүйенің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Алматы Су» МКК Өтім департаменті директорының айтуынша, қала бойынша 50-ден астам учаскеде жүргізіліп жатқан жұмыстар қатаң кестеге сай орындалуда. Негізгі көшелердегі жөндеу жаңа оқу жылы басталғанда тәмамдалып, жол жабындысы қалпына келтірілді. Ал ішкі кварталдар мен аулаишілік желілерді ауыстыру белгіленген мерзімде жалғасып, толықтай жылыту маусымына дейін аяқталуы тиіс. Мұндай тәсіл қала тұрғындарына келетін қолайсыздықтарды азайтып, мегаполистің инфрақұрылымын қысқы кезеңге сапалы дайындауға мүмкіндік береді.

«ЕРТЕҢГІ КҮННІҢ ҚАМЫ ҒОЙ...»

Қала көшелеріндегі ыңғайсыздықтар үшін тұрғындардың реншін түсінуге болады. Бірақ жұртшылықтың бәрі бірдей наразы емес. Керісінше, біразы «жөндеу жұмыстары ертеңгі күннің қамы, бүгінгі қиындық – ертеңгі жайлылық» деп қарап, шыдамдылық танытуға шақыруда. «Қазір шыдасақ, қыста құбыр жарылмайды, жылудан тарықпаймыз. Бүгін қазылған көше – ертеңгі жылы үй» деген ойлар да жиі айтылуда.

Қаланың әр жеріндегі жол жөндеу жұмыстары жайлы мердігер ұйым өкілдерінен де сұрастырдық. Ясауи көшесіндегі құбыр ауыстыру жұмыстарын «Спец.Коммун.Строй» ЖШС қолға алған. Учаске басшысы Абзал Дауытовтың айтуынша, жұмыс аяқталуға жақын.

– Біздің бригада дәл қазір Ясауи көшесімен құбыр жүргізу жұмыстарын аяқтау үстінде. Жалпы, жөндеу жұмыстарын қыркүйек айының соңына дейін бітіру жоспарланған. Сол межеден шығамыз деп отырмыз.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
ҚАЗБАЙ-АҚ ЖӨНДЕУ

Алматыда жолды қазып, құбырды шығарып ауыстыру сынды ескі әдістер емес, заманауи технология да қолданылып жатқаны қуантады. Мәселен, Тимирязев көшесінде Әуезов пен Байтұрсынұлы көшелерімен қиылыста жолды қазбай-ақ құбыр ауыстыру әдісі қолданылды. «Полимерлі чулок» деп аталатын санация тәсілі бойынша ескі құбырдың ішіне арнайы жең кіргізіліп, қысыммен қабырғаға жабысады. Кейін қатайып, жаңа құбырға айналады.

Бұл әдіс жол қозғалысын тоқтатпай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Әрі уақыт пен қаржыны үнемдейді. Алматыда мұндай тәсілдің қолданылуы – қаладағы жөндеу мәдениетінің бір қадамы ілгері кеткенін көрсетеді.

БҮГІНГІ ҚИЫНДЫҚ –
ЕРТЕҢГІ ЖАЙЛЫЛЫҚ

Мамандардың пікірінше, Алматыда жүріп жатқан жаңғырту жұмыстары қаланың инженерлік инфрақұрылымына кемінде 30–40 жылға сенімділік сыйламақ. Қойылып жатқан жаңа құбырлар, жаңартылған сорғы станциялары, жөнделген трансформаторлар мен су арматуралары тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі қазылған көшелердің астында ертеңгі Алматының жаңа бейнесі қалыптасып жатыр деуге болады.

Қалада жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарына тұрғындар да ризашылықпен қолдау білдіреді. Бірі істің жүйелі қолға алынғанына қуанып жаста, бірі жайлы тұрмыс үшін уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарайтынын айтады. Алматылықтар бүгінгі қиындық ертеңгі күннің игілігіне айналады деген үмітте.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР:

Уақытша қолайсыздық – болашақтағы жайлылық!

Қаланың қай бұрышына барсаңыз да, жөндеу жұмыстарының қызу жүріп жатқанын көруге болады. Қазылған жолдар, көлік кептелістері, шаң-тозаң – мұның бәрі тұрғындардың күнделікті өміріне қолайсыздық тудырып отырғаны жасырын емес. Дегенмен, бұл көріністің екінші жағына үңілсек, әкімдіктің қолға алған қадамдары – болашақ үшін жасалған маңызды шешім екенін байқаймыз. Бүгінде әкімдік уақытша беделін емес, халықтың ұзақ мерзімді жайлылығын басты орынға қойып отыр. Көп жылдан бері қордаланып келген инфрақұрылым мәселелерін түбегейлі шешу үшін ауқымды жобалар қолға алынды. Әрине, барлық жұмыстың бір уақытта басталуы тұрғындар үшін белгілі бір деңгейде қолайсыздық әкелді. Алайда, оның нәтижесі ертеңгі күні халықтың игілігіне қызмет етпек.

«Мәдениет» шағынауданында біршама уақыт бұрын басталған жұмыстар – осы бастаманың айқын мысалы. Мұндағы басты мәселе – су және кәріз жүйесі. Бұған дейін ауданның су жүйесі жеке болғандықтан, оны қаланың орталық жүйесіне қосу үшін ауқымды қазу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Барлық көшелер қопарылып жатыр. Әкімдіктің бекіткен мерзімі бойынша құрылыс 11 айға созылады. Жоба сәуір айында басталған. Ал мердігер компания өкілдерінің айтуынша, жұмыстарды барынша уақытылы аяқтауға күш салынып жатыр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бастапқыда тұрғындар наразылық танытып, әлеуметтік желілерде сын пікірлерін білдірді. «Көшелерімізді қазып тастады, қатынау қиындады» деген шағымдар жиі айтылды. Бірақ уақыт өте келе жағдай реттеліп, мердігер компания мен әкімдік өкілдері халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазір тұрғындардың көбі түсіністік танытып отыр. Әрине, құрылыс жұмыстарының машақаты аз емес. Ауыр техникалардың сынып қалуы, ауа райының қолайсыздығы, жоспардан тыс туындайтын қиындықтар жұмыстың баяулауына әсер етуде.

Бірақ бастысы – жоба тоқтап тұрған жоқ, қарқынды жалғасуда. Осы шағынаудандағы №196 мектептің маңында да құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл – ата-аналар үшін үлкен алаң. Жаңа оқу жылы басталар шақта балалардың мектепке қатынауы қиындай ма деген күдік бар. «Жаңа оқу жылында, күз мезгілінде айнала батпаққа айналып, кедергі әкеледі» деп балаларына уайымдап отырған ата-ана жетерлік. Алайда, мердігер компания өкілдері бұл мәселені де назардан тыс қалдырмағандарын, жұмыстар белгіленген мерзімде аяқталатынын айтады.

ТҰРҒЫНДАР ПІКІРІ

Пердегүл ҮТЕГЕНОВА:

Тұрмысымыз әлдеқайда жақсарды

Алғашқы кезде біз, шынын айтқанда, қатты қиналдық. Әр көшеде жолдар қазылып, көлікпен қатынау қиындады. Кейде тіпті үйіміздің алдына жете алмай, айналма жол іздеп жүруге тура келді. Осындай жағдайды көрген соң көпшілігіміз наразы болып, әлеуметтік желі арқылы, тіпті әкімдікке барып шағымданғанымыз рас. Бірақ кейін жұмысшылар да, әкімдік өкілдері де түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Олар бізге бұл қазбалардың себебін, не үшін істеліп жатқанын, қашан аяқталатынын ашық айтты. Соған көзіміз жеткен соң, шыдамдылық танытуға тырысып отырмыз. Мен өзім бұл істің болашағымыз үшін қажет екенін түсінемін. Бұрын судың қысымы әлсіз болатын, кейде апаттық жағдайлар жиі кездесетін. Егер жаңа су және кәріз жүйесі толық орнатылса, біздің тұрмысымыз әлдеқайда жақсарады. Сондықтан уақытша қолайсыздыққа шыдауымыз керек деп ойлаймын.

Айнұр КАПАКОВА:

Пайдасын бәріміз көреміз

Алғашқы күндері бұл жұмыстарға қарсы болғандардың қатарында болдым. Жолдың қазылып жатқаны, шаң-тозаң, көліктің жүре алмауы бәрімізді әбден мезік қылды. Бірақ кейін ойланып қарасам, бұл тек бүгінгі қиындық екен. Ал ертең оның пайдасын бәріміз көреміз. Көп жылдан бері «Мәдениет» шағынауданында ауыз су мәселесі шешілмей келді. Кейде тіпті бірнеше сағаттап су болмай қалатын кездер болды. Егер осы жолы әкімдік батыл шешім қабылдап, инфрақұрылымды түбегейлі жөндеп берсе, біз де жеңілдемейміз бе? Сондықтан уақытша қиындықтарға төзуге дайынбыз. Балаларымыз таза су ішіп, асфальт жолмен жүрсе – бұл бәріміздің арманымыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекзат БЕКЕНҰЛЫ,
мердігер компания жұмысшысы:

Балалар қауіпсіздігі – бірінші орында

Біз сәуір айынан бастап «Мәдениет» шағынауданында су және кәріз жүйелерін жүргізу жұмыстарын қолға алдық. Бүгінгі күнге дейін шамамен, 15 шақырым жүйе тартылды. Қазіргі таңда негізгі жұмыстар орталық көшеде жүріп жатыр. Бұл жерде 225 метрлік құбыр орнатылуда. Жалпы, жоба аясында 69 шақырым су, 68 шақырым кәріз жүйесін тарту жоспарланған. Соның 90 пайызы орындалып үлгерді, 10 пайызы қалып тұр десек те болады. Алдағы уақытта қалған бөлігін аяқтауға күш салып жатырмыз. Әкімдік бекіткен мерзім – 11 ай. Біз де соған барынша сәйкесуге тырысамыз. Әрине, жұмыс барысында қиындықтар кездеседі.

Мысалы, құбыр астына бетон плиталар қою, ауыр техниканың жиі істен шығуы немесе ауа райының қолайсыздығы мерзімге әсер етеді. Соған қарамастан, тоқтаусыз еңбектеніп келеміз. Қазір тұрғындардың басты алаңдаушылығы – №196 мектепке қатынау мәселесі. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін бұл жерді уақытша тегістеп, қиыршық тас төсейміз. Балалар қауіпсіздігі – бірінші орында. Біз үш күн ішінде мектепке апаратын жолды толық ашып беруді жоспарлап отырмыз. Бүгінгі күнге дейін жеті көше толық аяқталды. Қалған екі көшеде абоненттік жүйелер тартылып жатыр. Барлығы ойдағыдай болса, күздің соңына дейін «Мәдениет» шағынауданында су және кәріз жүйесі толық аяқталып, көшелерге тас төселіп, асфальт салуға дайын болады.



ТҮЙІН:

Әкімдіктің бұл батыл қадамы – тұрғындардың жайлы өмір сүруі, сапалы тұрмысы үшін жасалған шешім. Жаңарған жолдар, заманауи су және кәріз жүйелері, ретке келтірілген көшелер – қала тұрғындарының өмір сапасын арттырады. Сондықтан уақытша қолайсыздықтарға сабырмен қарап, үлкен істің жемісін күту – барлығымызға ортақ жауапкершілік.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«QAZAQGAZ АИМАQ»

жылыту маусымына дайын

Алдағы қыста өңірлерді табиғи газбен кедергісіз қамтамасыз ету үшін «QazaqGaz Aimaq» АҚ барлық дайындық шараларын мерзімінен бұрын аяқтады. Компанияның мамандары көктем мен жаз айларында ауқымды жұмыстар жүргізіп газ шаруашылығы нысандарын толық тексеріп шықты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«QazaqGaz Aimaq» АҚ 2025–2026 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық жұмыстарын 100% орындап, жоспарланған шаралар толық көлемде әрі мерзімінен ерте бітті. Компания дайындықты өткен жылыту маусымы аяқталған соң бірден бастаған болатын.

Жаз бойы «QazaqGaz» ұлттық компаниясының еншілес ұйымы – «QazaqGaz Aimaq» АҚ мамандары «Интергаз Орталық Азия» АҚ коммуналдық қызметтер өңірлік ТКШ басқармалары және ірі кәсіпорындармен бірлесіп жұмыс жүргізді.

Дайындық барысында компанияның техникалық қызметтері 185 мыңнан астам газ реттеу пункттері мен шкафтарына ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді орындап шықты. Сол қатарда 114 мыңнан астам ажыратқыш құрылғы тексеріліп, 1,7 мыңнан астам электр-химиялық қорғау құралы қалпына келтірілді. 1,8 мың шақырымға жуық газ құбыры аспаптық тексеруден өткізілді. Барлығы 30-ға жуық техникалық жұмыс түрі қамтылды.

Өндірістік шаралармен қатар компания мамандары тұрғындарға да ерекше көңіл бөлуде. Үйлерді аралап, жадынама таратып, табиғи газды қауіпсіз пайдалану ережелері мен үнемді тұтынудың маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ІС-ШАРА

Жетісу ауданы:

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАЛЫҚТАР

тұрғындарға мерекелік көңіл-күй сыйлады

Жетісу ауданындағы «Бақытты Жотбасы», «Теп Qogam», «Шыңға өрлеу» әлеуметтік орталықтары мен «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы биылғы Конституцияның 30 жылдығы мерекесі аясында алматылықтар үшін концерттік бағдарламалар ұйымдастырып, тұрғындарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аудан тұрғындары мен қала қонақтары шығармашылық ұжымдар дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалап, ерекше ризашылық білдірді. Осынау салтанатты шара барысында еліміздің Тәуелсіздігі мен дамуының негізі болып табылатын Ата Заңның маңыздылығы айшықталды.

Мереке аясында ауданның дамуы мен қаланың қоғамдық өміріне белсене атсалысқан тұрғындарға Жетісу ауданы әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.



ТУСАУКЕСЕР

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АБЫЗЫ

жаңа еңбегін таныстырды

«Тұран» университетінде қазақ өнерінің абызы, аңыз адам, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың иегері Асанәлі Әшімұлының «Актермін мен, мың өліп, мың тірілген» атты жаңа еңбегінің тұсаукесері өтті.

Асанәлі Әшімұлының әрбір ойы – өскелең ұрпаққа рухани бағдар, өнерсүйер қауымға үлкен мектеп. Бұл күнделік-кітапта хас шебердің өнер жолындағы толқынысты тағдыры, қайраткерлік болмысы мен рухани толғаныстары жинақталған. Күнделік-кітаптың абыз өмірінен сыр ақтарған әр беті – актерлік өнердің биігіне көтерілген тұлғаның жүріп өткен жолынан тағылым береді.

Салтанатты жиынға еліміздің зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері мен өнер, әдебиет майталмандары қатысты.

Олардың қатарында Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, әдебиеттанушы Мамай Ахетов, «Тұран» университетінің ректоры, профессор Рахман Алшанов, ақын Ақұштап Бақтыгереева, ғалым Кенжехан Матыжанов, саясаттанушы Әміржан Қосанов, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы, актер Азамат Сатыбалды және басқа да тұлғалар болды.

«Тұрандағы» тағылымды кешті белгілі журналист, Қазақстан Президенті сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбай жүргізіп, көрермен қауымға әсерлі әңгіме өрбітуге ұйытқы болды. Жиында студенттер қазақ өнерінің абызымен тікелей тілдесіп, кейдегі сауалдарына жауап алды.

Сонымен, Асанәлі Әшімұлының жаңа кітабы оқырманға жол тартты. Бұл тұсаукесер – ұлт руханияты үшін зор олжа, тағылымды шара ретінде есте қалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МЕРЕЙ

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ КИЕЛІ ШАҢҒЫРАҒЫ

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрына – 90 жыл

1935 жылы қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің бастамасымен негізі қаланған Республиканың тұңғыш қуыршақ театры биыл 90 жылдық мерейлі белесін атап өтуде. Театрдың жаңа маусымашары аясында көрермен назарына қазақ ұлттық қуыршақ өнерінің рухы мен маңызын дәріптейтін «Ортеке» спектаклінің премьерасы ұсынылды.



Дана
САДЫРҚАН



Рухани жиын барысында қуыршақ театрының 90 жылдық тарихын тоғыстырған тарихи-танымдық «Тамыры терең театр: 90 жылдың ізімен» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Сондай-ақ, жәдігер қуыршақтар мен театр жетістіктеріне арналған театр шаңғырағында тұңғыш рет театр музейі ашылды.

Қазақ сахна өнерінің ерекше саласы саналатын бұл өнер ордасы талай буынның балалық шағына шаттық сыйлап,

ұлттық мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Тоқсан жылдық тарихында театр көркемдік ізденістер мен шығарма-

шылық жетістіктерге толы жолды еңсерді.

90 жылдық тарихқа ие Қуыршақ театры үшін халқымыздың көне замандардан бүгінгі күнге жеткен киелі өнерін, салт-дәстүрін, ұлттық киімдері мен музыкалық аспаптарын және халық ауыз әдебиетінің әйгілі кейіпкерлерін жаңашыл бағытта таныстыруды көздейтін «Ортеке» спектаклі – көрермендерді бейжай қалдырмағаны анық. Қойылым режиссері – Григорий Лайко. Сюжет желісі бойынша халқымыздың өнерпаз тұлғалары жиналған қауымға ортеке өнерінің ерекшелігі туралы сыр шертіліп, көрермендер назарына аңыздар мен ертегілер ұсынылды.

– Әрбір театрдың жүрген жолы, тарихы мен бастауы бар. Қазақ еліне қуыршақ театры аспаннан түскен жоқ. Біздің қазақтың ақ жаулықты әжелері де баяғыдан қуыршақ ойнап өскен. Қуыршақ – қазақтың төл сөзі. Демек, қуыршақ өнері – халқымыздың қанына сіңген ерекше ұғым. Театрға көзқарастың оңды болуы мемлекеттің оң саясатты екенін көрсетеді. Қуыршақпен ойнау – ойыншық емес, ол – ой, мұң, шер, адамның ішкі үні. Шындығында, өмірде ойнап жүреміз, ал сахнада біз шындықты көрсетуге тырысамыз. Сон-

дықтан қуыршақ театры – руханиятымыздың арғысы мен бергісін байланыстыратын мемлекеттегі орны айқын киелі шаңырақ, – деді Қазақстанның халық әртісі, режиссер Тұңғышбай Жаманқұлов.

Маусымның ашылу мерекесінің маңызды іс-шарасының бірі – қуыршақ театрының 90 жылдық мерейтойы аясында архивтік материалдардан бастап, бүгінгі шығармашылық тынысына дейінгі аралық қамтылған тарихи-танымдық «Тамыры терең театр: 90 жылдың ізімен» кітабы болды. Ғасырға жуық уақыт аралығындағы тарихты қамтитын еңбек театр саласының зерттеушілеріне, болашақ мамандарға, келер ұрпаққа маңызды мұра ретінде таныстырылды. Кітаптың құрастырушы авторы әрі редакторы – Гүлім Көпбайқызы.

«Архивтік материалдар арқылы театрдың өсу-өркендеу жолы зерттеліп, кезеңдік қойылымдар мен актерлік, режиссерлік жетістіктері хақында ой өрбітілді», – деп атап өтті автор.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысы орынбасары Арман Халбеков әкімдік атынан құттықтай келе, қуыршақ театрына шығармашылық табыс пен зор жетістіктер тіледі.

– Күннен-күнге, жылдан-жылға өсу байқалады. Өнер ордасының әрбір қойылымы жоғары сұранысқа ие. Бірде-бір фестивальден орынсыз, яки жүлдесіз қайтқан емес. Сол үшін ұжымның әрбір мүшесіне басымызды иіп тұрып, алғыс айтамыз! Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаржыны ақтап, халықаралық деңгейде еліміздің мәдениеті мен өнерін өзге жұртқа паш етуде елеулі еңбек сіңіріп жатыр. Кейінгі 3 жылда қуыршақ театрының өнерпаздары Канада, Қытай, Чехия, Болгария, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан елдеріне сапарға шығып, фестивальдерге қатысып, театрдың 40-тан аса қызметкері тәжірибеден өтті. Мұндай игі істер мен қолдауды қалалық әкімдік тарапынан ары қарай жалғастыратын боламыз. Театрдың қоржыны түрлі қойылымдармен толығы берсін, – деді ол.

Мерейлі 90-шы маусымның ашылуы – қуыршақ театры үшін маңызды мереке әрі ұлт руханиятының өткенін ұлықтап, болашағына бағыт сілтейтін тағылымды оқиға. Халқымыздың тарихы мен салт-дәстүрі, ұлттық болмысы қуыршақ өнері арқылы жаңа қырынан жарқырай түсетіні анық.





ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«АНА ЖҮРЕГІ – БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ»

Мегаполисте Аналар форумы өтті

Алматыдағы Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің республикалық форумы аясында «Ана жүрегі – бейбіт өмірдің кепілі» тақырыбында жиын өтті. Ассамблеяның 30 жылдығына арналған форумды Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Аналар кеңесі ұйымдастырды.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Форумға Қазақстан халқы Ассамблеясы, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы, өңірлік АНК Аналар кеңестерінің төрағалары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар қатысты.

Іс-шара қоғамдағы аналардың рөлін нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығы негізінде тәжірибе алмасуға бағытталған. Форум жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық дәстүрлерді сақтау және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша пікірталас алаңына айналды. Пленарлық отырыстан кейін «Анаға құрмет» музейіне экскурсия жасалды.

Басты мақсат – рухани-адамгершілік тәрбиені және әйелдердің қоғамдағы рөлін қоғамға насихаттау.

– Президент Жолдауында айтылғандай, қоғамдық орындарда айғай-шу шығарып, адамдардың бір-бірімен жаға жыртысуы – мәдениетті әрі өркениетті мемлекетке тән қылық емес. Еліміздің халықаралық қоғамдастық деңгейіне зиян келтіретін жат әрекеттен тез арада арылуымыз керек. Сондықтан біздің негізгі миссиямыз – «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын жетілдіру, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Есенбеков өзінің құттықтау сөзінде Аналар кеңесінің маңыздылығына тоқталды.

– ҚХА Аналар кеңестері көптеген жылдар бойы бірлік пен келісімді нығайтуға, рухани құндылықтарды насихаттауға және төзімділік мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосып келеді. Аналардың даналығы мен өмірлік тәжірибесі өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі әлеуметтік мәселелерді шешудің негізі болып саналады. Мәселен, зиянды әдеттердің алдын алудан бастап, патриоттық сана қалыптастыруға дейін жастармен жұмысқа ерекше назар аударылып келеді. Аналар кеңесінің жетекшілігімен «Салауатты сана», «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобалары жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалар салауатты дүниетаным қалыптастыруға және отбасы-

лық құндылықтарды нығайтуға бағытталған, – деп атап өтті Айдар Есенбеков.

Алматы қалалық мәслихатының депутаты Қарашаш Жүзеева ата-аналарды балаларына көбірек көңіл бөліп, олардың өміріне қызығушылық танытуға шақырды.

– Қазіргі уақытта аналар жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келуде: ақпараттық жүктеменің артуы, әлеуметтік желілердің кең таралуы, құндылықтар дағдарысы және толық емес отбасылар санының өсуі. Мұндай жағдайда ананың рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түседі. Балаларға білім беру ғана емес, оларды теріс ықпалдан қорғау да қоғам үшін аса маңызды. Әсіресе, балалармен сөйлесіп, еркін сырласып, олардың немен айналысатынын, не көріп жүргенін білу қажет. Балалармен өткізген уақыттың ұзақтығы емес, сапасы маңызды. «Ана жүрегі – бейбіт өмірдің

кепілі» атты жиынның атауы ұлы шындықты білдіреді. Ананың жүрегі – мейірімнің, татулық пен келісімнің қайнар көзі. Ғасырлар бойы ана бейнесі ерекше қасиеттің, жанқиярлықтың символы болып келді. Дәл аналардың арқасында қиын-қыстау кезеңдерде де халықтың тілі, дәстүрі мен рухани құндылықтары сақталып қалды. Ана – ең алғашқы ұстаз, оның сөзі мен ісі болашақ ұрпақтың мінез-құлқын айқындайды, – деді депутат.

Тақырыптық баяндамалар аясында ана тәрбиесінің тұлға дамуына ықпалы, берік отбасы қалыптастырудағы, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытудағы, әлеуметтік мәселелердің алдын алудағы аналардың рөлі, жастар арасындағы нашакорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу сынды маңызды тақырыптар да назардан тыс қалмады.

АКУСТИКАЛЫҚ КЕШ

Мақсат ЖӘУТИКОВ,
композитор:

АЛМАТЫ – ЕҢ АЛҒАШҚЫ МАХАББАТЫМ

Ернұр
РЫСБАЙ

Солардың бірі – А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада өткен «Алматы – ең алғашқы махаббатым» атты акустикалық кеш. Шаһардың мерекесіне арналып ұйымдастырылған бұл өнер кеші қала жұртшылығын бір шаңырақ астына жинап, әуезді ән мен сырлы әңгімеге толы әсерлі сәттерге куә қылды.

Кештің басты қонағы – танымал әнші, талантты композитор әрі продюсер Мақсат Жәутіков. Өнер иесі Алматыны өзінің шығармашылық жолындағы басты шабыт көзі ретінде атап, тыңдармандарға қаланың әсемдігі мен рухын айшықтайтын әндерін ұсынды. Фанаттары оны қазақ ән әлемінің Фредерик Шопеніне балайды.

– Бүгін гүл Алматымыздың туған күніне орай ерекше кездесу шарасы өткізіліп жатыр. «Алматы – ең алғашқы махаббатым» атты кеште өз шығармаларымды орындап, кітапханаға арнайы келген қонақтарға паш етуді мақсат еттім. Бұл мереке – барлығымыздың ортақ қуанышымыз. Алматы – шынымен де менің ең алғашқы махаббатым, алып мегаполис әрбір жүректің алғашқы махаббаты деп айтсақ, артық емес, – деді кеш қонағы.

Кітапхана қабырғасында өткен кештің

өзіндік ерекшелігі болды. Өнер мен білім ордасы болып саналатын рухани мекенде әуезді әннің шырқалуы қатысушыларға ерекше әсер сыйлады. Тыңдармандар жанды дауыста әуезді ән тыңдап, ерекше әсерге бөленді. Әр әннен қаланың бейнесін, әсемдігін, тарихы мен бүгінгі тынысын сезініп, әуенмен бірге өткен шаққа саяхат жасағандай күй кешті. Кеш қонағы жүректенді «Өмір – өзен», «Бақ ішінде» әнімен баурап, Алматының мінезін «Төк, төк, жаңбыр»-мен жеткізіп, тұңғыш рет орындалған «Гүл Алматым – махаббатым» әні арқылы махаббаты мөлдіреген таңғы шықтай әнге қосып, тыңдаушыларының жан-дүниесінде сілкініс жасай білді. Құйқылжыта орындалған шығармалар тыңдарман жүрегінен жылы орын алып, көпшілік кеш соңында әншіге шынайы алғыстарын білдірді.

Алматылықтардың бұл күні осындай мазмұнды кешпен ерекшеленіп, тұрғындарға туған қаламыздың қадір-қасиетін тағы бір мәрте сезіндіргендей. Ән мен әуенге, әңгіме мен шабытқа толы «Алматы – ең алғашқы махаббатым» кеші көпшіліктің жүрегіне мерекелік шаттық сыйлап, қаланың мерейін үстем етті. Қала күніне орай ұйымдастырылған бұл концерттік кездесу Алматының мәдени өмірінде айшықты із қалдырып, қала тұрғындарының рухани байлығын арттырды.

Алматы күні – әрбір қала тұрғыны үшін ерекше мереке. Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін бұл күнде түрлі мәдени, рухани, спорттық шаралар ұйымдастырылып, қала тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл-күй сыйланады. Биыл да осындай игі дәстүр жалғасын тапты.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА:

кешенді шаралар мектеп тапшылығын шешеді

Ресми деректерге жүгінсек, тоқсаныншы жылдарда еліміздегі мектептер саны 1,4 мың бірлікке қысқарған екен. Егемендіктің алғашқы жылдары Қазақстанда 9 мыңдай мектеп болса, қазір олардың саны 7,4 мыңның ар жақ, бер жағы. Мектептердің азаюына болашағы жоқ елді мекендердегі шағын жинақты мектептерде білім алушылар санының қысқаруы және олардың жабылуы себеп. Қазір Қазақстанда 7700 мектеп бар. Оқу-ағарту министрлігінің Қаржы және бюджетті жоспарлау департаментінің мәліметіне жүгінсек, 2026 жылға қарай мектептердегі орын тапшылығы 1 млн. 100 мыңға жетуі мүмкін.

Елімізде білім мен мәдениеттің ордасы саналатын Алматыда да соңғы жылдары мектеп тапшылығы өзекті күйінде қалып отыр. Жыл сайын қалада оқушылар саны артып, инфрақұрылым оған илесе алмай келеді. Жергілікті билік бұл мәселені шешу үшін бірқатар кешенді шараларды қолға алды. Мектеп тапшылығын шешу – маңызды міндет.

Дана
САДЫРҚАН

Үш анық

Бүгінде мегаполисте 348 мектеп бар. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша шамамен, 350 мың оқушы оқыды. Оқушылар саны жыл сайын орта есеппен 12–14 мыңға артып отыр. Бұған демографиялық өсім мен ішкі көші-қон әсер етеді. 2025 жылдың жазындағы ресми мәліметтерге сәйкес, Алматы қаласында 99 мектепте орынның жеткіліксіз екені байқалды, 34 мыңнан астам оқушы орны тапшы. Бұл – бір ғана қаладағы мектеп жүйесінің қазіргі таңда көтере алмай жатқан ауыртпалығы. Әсіресе, Алатау ауданында 16 мектеп – 6182 орын жетіспейді, ал Наурызбай ауданы бойынша 6 мектеп – 6082 орын тапшылығы байқалады.

Осы орайда, орын тапшылығының білім сапасына кері әсерін тигізіп отырғанын айта кеткен жөн. Көптеген мұғалімдерге қосымша жүктеме жүктелуде, ал оқушылар қысқартылған уақыт ішінде білім алуға мәжбүр. Үш ауысымды мектептерде балалардың демалыс уақыты мен ұйқы режимі бұзылатыны да бір түйткілді мәселе. Мектепке кіріп-шығу кезіндегі қауіпсіздік деңгейі төмендейді. Педагогика саласында кадр

жетіспеушілігі тағы бар. Кейбір мектептерде жүктеме екі есе артып, үш ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр. Мұның бірнеше себебін айтар едік. Үш анық: **Біріншіден**, жедел урбанизация – Алматы маңындағы елді мекендерден қалаға көшіп келушілер саны артты. Бұл, әсіресе, Наурызбай мен Алатау сияқты шеткі аудандарда байқалады. **Екіншіден**, туу көрсеткішінің артуы – кейінгі 10 жылда жас отбасылар саны көбейіп, бала туу көрсеткіші өсті. **Үшіншіден**, миграция – ауылдық аймақтардан қалаға қоныс аудару жалғасып жатыр.

Қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденовтың айтуынша, Қазақстандағы 1300 мектепті жаңғырту барысында Алматыдағы 31 мектеп те реновациядан өтеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аталған жұмыстарды 2025–2027 жылдар аралығында атқару көзделген. Басшының сөзіне сенсек, 1960–1970 жылдары салынған екіқабатты мектептер сүріліп, орнына қазіргі заманға сай білім ордаларын салу жоспарланып отыр.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024–2025 жылдары 22 жаңа мектеп салынып, 37 100 орын ұсынылады. Қосымша 23 000 орынды 13 мек-

теп, жеке инвесторлар көмегімен тағы 12 000 орынды 8 мектеп ашу көзделген. МЖӘ (мемлекеттік-жекешелік әріптестік) жобасы арқылы 1 мектеп – 2000 орынмен іске қосылды. Жоспар бойынша, 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін тапшылық 3–4 мың орынға дейін азаяды.

● **Биыл «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Алматы қаласында бір ауысымда 23 мыңнан астам оқушыға арналған 13 жаңа форматтағы мектеп пайдалануға беріледі. Бүгінгі таңда 8 нысанның құрылысы аяқталып, тағы 5 мектеп оқушыларға есігін ашпақ.**

● **Сонымен қатар, алдағы уақытта 71 мектеп салу жоспарланған, оның 23-і – қалалық бюджет есебінен. Мәселенің тек физикалық инфрақұрылыммен шешіле салмайтынын да ескеру керек.**

Мектеп тапшылығы – тек әкімдіктің емес, тұтас қоғамның алдында тұрған ортақ міндет және өткір мәселе. Бірақ шешілмейтін түйін жоқ. Ең бастысы – бұл іске формалды емес, жүйелі әрі ұзақ мерзімді көзқараспен қарау қажет. Бұл мәселені шешу үшін Алматы әкімдігі қолға алған кешенді шаралар, жаңадан салынып жатқан мектептер мен қолға алынған жобалар көңілге үміт ұялатады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұхтар ТӘЖІБАЕВ,
Алматы қаласы Білім басқармасы
басшысының орынбасары:

Нақты бағдарлар бар

Республика бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асып жатыр. Мегаполис үшін де бұл маңызды басымдық. Бізде нақты бағдарлар бар. 2024–2025 жылдары Алматы қаласында 34 800 орынды 21 мектеп ашу жоспарланған. Былтыр бекітілген кестеге сәйкес 7100 орынды 4 мектеп іске қосылды. Сондай-ақ, қалада 600 орынды 1 жайлы мектеп және «Саялы» шағынауданында 550 орынды 1 мектеп ашылды. 2025 жылы тағы 4 мың орынды екі мектепті ашу көзделген. Осылайша биыл 1 қыркүйекке дейін оқушы орындарының тапшылығы басқарылатын деңгей бойынша 3–4 мыңға төмендейді.

Алматы қаласында 216 мемлекеттік және 127 жекеменшік мектеп жұмыс істейді. Әкімдік «1300 мектеп» реновациясын жүйелі жүзеге асырып жатыр. Алматыда оқушы орындарының тапшылығын кезең-кезеңімен төмендету үшін жаңа білім беру нысандары мен жұмыс істеп тұрған мектептерге қосымша құрылыстар салынып жатыр, жеке инвестициялар есебінен де мектептер ашу жоспарланған.



● АКЦИЯ

КІТАП ТА ДОС БОЛА АЛАДЫ

Алматы кітапханалары
балдырғандарға сыйлық
ұсынды

Білім күні Алматы кітапханалары №104 жалпы білім беретін мектепте жаңа оқу жылының басталуына орай «Бірінші сынып оқушыларына – кітапханадан сыйлық» атты акция өткізді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Акцияның басты мақсаты – балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, оларды мектеп өмірінің алғашқы күндерінен бастап кітапхана мәдениетімен таныстыру, сондай-ақ кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Жиында сөз сөйлеген №104 жалпы білім беретін мектеп директоры Шынар Өтжанова барлық шәкіртті, педагогтар мен ата-аналарды Білім күнімен құттықтап, табыс тіледі. Ал мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бірінші сынып жеткіншектеріне ерекше ілтипат көрсетіп, оларды білімді болуға шақырып, жақсы достар табуға тілек білдірді. Биылғы оқу жылында аталған мектепте партаға алғаш отыратын балдырғандар саны 150 екен.

Салтанатты жиында сөз алған Қазақстан Жазушылар кітапханасының жетекшісі Мақпал Мұхаммедова мектеп оқушылары мен мұғалімдерді айтулы күнмен құттықтап, бұл акция оқушылар мен кітапханалар арасын жақындастырып, балаларға кітаппен достасуға серпін беретінін атап өтті.

Мектептің сынып жетекшілері мен бірінші сынып оқушыларына салтанатты түрде сыйлық жиынтықтары табысталды.

– Алматы кітапханалары мұндай акцияны қалада алғаш рет өткізуде. Сыйлық пакетінің ішінде әр оқушыға арналған Алматы кітапханаларының буклеті, қызықты, мазмұнды кітаптар және білім мен шығармашылық әлеміне есік ашатын электрондық оқырман билеті бар. Сынып жетекшілеріне де ерекше назар аударылып, олардың игі еңбектері үшін алғыс ретінде естелік сыйлықтар табыс етілді, – дейді Мақпал Мұхаммедова.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының хабарлауынша, 1 қыркүйекте қаланың сегіз ауданындағы он мектептің 1394 бірінші сынып оқушысы дәл осындай арнайы сыйлыққа ие болды. Акцияға қаладағы баспалардың, кітап дүкендері желісінің және дәріханалардың өкілдері қолдау білдірген.



А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

Әлемдік рухани мұра:

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Бүгінде кемеңгер ойшылдың ой-пайымдары күллі адамзатқа ортақ құндылыққа айналды

«Өзгені өзінен кем көрмеу» қағидаты

Ғұлама ойшылдың «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бәрі бос» деген тұжырымы бүгін де өзекті. Абай қоғамдағы достық мәселесіне маңыз беріп, биікке көтерді. Адамның басқа адамға қатынасы эмпатиялық деңгейде болу керек деген әлеуметтік психология саласының түсініктері бар. Демек, қоғам жетіліп, өркениеттенген сайын, достыққа, өзара түсіністікке деген сұраныс арта түседі. Бұл жерде адамдардың өзара қатынастарындағы шынайылық маңызды. Өзгені өзінен кем көрмеу қағидаты – мораль философиясының түбегейлі қағидаты. Сондықтан біз тек қазаққа ғана емес, сонымен қатар кез келген ұлттың өкіліне лайықты адам деген ұстаныммен қатынас жасауға ұмтылуымыз керек. «Таспен атқанды аспен атуға», құрметтеуге ұмтылатын қоғам болсақ ғана әлемге сыйлы қауымдастыққа айналамыз. Жалпы, қазақ халқы достықтың қадірін білетін халықтардың қатарына жатады. Осы дәстүрді сабақтастыруымыз керек деген ой-дамын.

Абай даналығы қазақ философиясын әлемдік философия кеңістігіне шығаруда қандай рөл атқарады? Қазақ философиясы – әлем философиясының құрамдас бөлігі. Қазақстандық философиялық конгрес 2017 жылдан әлемдік философиялық қауымдастықтың толыққанды мүшесі. Біздің ғалымдар соңғы кезде дүниежүзілік үлкен ғылыми жиындарға қалмай қатысып жүр. Сондықтан Абайдың даналығынан сусындаған заманауи қазақ философиясы өзінің мағыналық және мазмұндық құрылымын барынша нығайтып келеді. Әсіресе, қазақ тілді философияны қалыптастыруда біршама жұмыстар тындырылды. Алдымен «Қазақ даласының ойшылдары» деген 4 томдық топтама өткен ғасырдың аяғында жарық көрсе, кейінірек 5 томдық «Қазақ философиясының тарихы – ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін» деген іргелі ұжымдық жұмыс жарық көрді. Сонымен қатар, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында қазақ халқының 20 томдық ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі философиялық мұрасы жинақталды, шығармаларға түсіндірмелер берілді. Әл-Фараби жаңа шығармалары 10 томдық көлемде қазақ тіліне аударылып, жоғары оқу орындарының кітапханаларына табысталды.

Рухани тірек болатын ілім

Абайдың қара сөздерін «қазақ халқының философиялық кодексі» деп атауға бола ма? «Қара сөздерді» философиялық тұрғыда игеру еліміздің кәсіби мамандары үшін үлкен сын. Бұл бағытта үлкен табысты еңбек еткен маман – Ғарифолла Есім. Ол герменевтикалық тәсілмен Абай даналығын ғылыми тұрғыда сараптап берді. Әрине, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы тиіс. Өйткені, қазақ халқының руханияты Абайдың қара сөздерімен көмкеріліп отырса, ұтылмайды, өзінің философиялық кодекстік сипатын айшықтай түседі. Абай ілімі – шексіз ілім, ол рухани шығармашылықтың бастау көзі



Әл-Фараби мен Абай ілімдері қазақ философиясына рухани тірек болатын құбылыстар.

Абайдың философиялық ойлары түркі халықтарына ортақ рухани құндылық, олар рухани алтын көпір десе де болады. Өйткені, Абай дәріптеген этикалық қағидаттар – ортақ феномендер. Оның «Толық адам» болу тұжырымдамасы түркі халықтары емес, сонымен қатар адамзатқа ортақ маңыздылыққа ие болатын теориялық ұстаным.

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!»

Абайдың «Адам бол!» деген ұстанымы қазіргі цифрландыру дәуірінде барынша өзекті бола түсуде. Себебі, цифрландыру қоғамдық қатынастарды жеңілдеткенмен, адамаралық қатынастарды барынша формалдандыруда, енді әлеуметтік желі негізгі қатынас көзіне айналғанының күәсі болудамыз. Абайдың «Адам бол» ұстанымындағы «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!» тұжырымы – рухани махаббаттың деңгейі. Руханилықтың биігіне көтерілген тұлға ғана рухани махаббатпен әлемге өзінің қатынасын білдіре алады. Бұл жастар тәрбиесінің рухани мәйегі. Ол айтылмаса педагогика өз биігіне көтеріле алмайды, философия толыққанды болмайды. Сондықтан да Абай философиясы – ұлт руханиятының қайнар көзі.

Кемеңгер өз заманында өзектеген моральдық-этикалық құндылықтар қазіргі заман үшін өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Себебі, заман өзгергенмен руханиятқа түбегейлі іргетас болатын құндылықтар өзінің тұрақтылығын танытады. Сондықтан ежелгі заманда айтылған көптеген ұстанымдар өзектілігін жоймайды. Әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнның әділеттілікті «Құтты білікте» құдіреттеуі, Абайдың адамгершілікті алға шығаруы, Шәкәрімнің ұждан мәселесін қозғауы бекер емес. Олар өздерінің тарих белесінен өтіп, келесі ұрпаққа жете алатын

қауқары бар екенін байқаймыз. Жалпы, адамзат тарихы – біртұтас дүние. Адамзат – бір ғана рухани даму заңына бағынатын құбылыс. Сондықтан біз үшін маңызды моральдік-этикалық дүниелер басқалар үшін де маңызды екеніне таң қалуға болмайды. Әлемдік даналық үлгілері әмбебап қасиеттерге ие болған. Осыған орай әлемдік философиямен қатар әлемдік әдебиетті, өнерді, ғылымды қабылдаймыз.

«Ақыл, жүрек, қайраттың бірлігі» тұжырымы

Хакім нұрлы ақыл, жылы жүрек пен ыстық қайрат туралы айта келіп, осылардың ішінде басымдық танытушы жылы жүрек екенін атап өтеді. Демек, ізгілік пен мейірім, адамгершілік пен адалдық, әділеттілік пен қарапайымдылық барлығынан жоғары тұрса ғана, ақыл мен қайрат орынды қызмет атқаратынына данагөй сенімді. Жастар осы мәселені жақсы ескеруі керек. Сондықтан ол өзінің 15-қара сөзінде «өзіңе арқашанда сыни көзбен қарап, атқарған істеріңе үнемі есеп беріп отыр» деген кеңесін береді.

Абайды жаңа көзқараста зерттейтін жас ғалымдар шоғырын қалыптастыру – уақыт талабы. Жас ғалымдар жаңа заманда Абайды жаңаша сараптауы да мүмкін. Философия постмодернизм, цифрландыру философиясы, интегралды философия деген бағыттар аналитикалық философия ауқымында өрбиде. Демек, жаңа әдіснамамен жаңаша түсініктеме берілері хақ. Ғылыми ізденістер – демократиялық сала ешкімнің дәрежесіне, сіңірген еңбегіне қарамайды, тек ақиқатты іздеуді өзіне бағдар етеді. Сондықтан әркімнің де таласы бар. Жастарға әр уақытта жол ашық. Тіпті, қателіктер мен жаңылысулар ғылымда құнды тәжірибе деп есептеледі. Сондықтан ғылым бәрімізге ортақ маңызды құндылығымыз және оны бірігіп дамытқан жөн.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

Өркениеттілік формуласы

Абай айтып кеткен адам бойындағы бес маңызды кемшілік пенденің табиғи сұраныстарымен астасып жатады. Сол табиғи қажеттіліктердің сұраныстарын қанағаттандырумен айналысқан адам шектеулі әлемде өмір сүреді. Жемқорлық та, сыбайластық та содан туындайды. Демек, оған қарсы тұратын адамгершілік пен руханилық. Оларды қалыптастырған қоғам да, жеке азамат та тұлғалық қақпанға түседі, дамуға кенже қалады. Ол туралы көптеген даналар айтып өткен. Мәдени дамыған ел боламыз десек, адалдық пен әділеттілік негізіндегі қоғамды құруға ұмтылуымыз керек. Бұл – өркениеттіліктің формуласы.

Ғылым – руханияттың ерекше бөлігі. Ғылымға ерекше мән берген мемлекеттер жалпы өркендеуде алдыңғы қатарда екенін ескеруіміз керек. Біздің еліміз де соңғы уақытта біршама ұтымды қадамдар жасауда. Мәселен, жас ғалымдарды үймен қамтамасыз ету, арнайы жас ғалымдарға арналған конкурстар – соның дәлелі. Әрине, жастарды ғылым саласына қайтару, шет елдерге оқуға жіберуге ұмтылу – жақсы қадамдар. Дегенмен, ең маңыздысы жас ғалымдардың ғылыми ізденістерінің нәтижелері сапалы болуы керек. Санды қумай, сапаны ойлау қажет. Сондықтан ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерде жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуына үлкен мән берген абзал. Ғалымдардың мемлекеттік тілмен қатар ағылшын және орыс тілдерін жете білуі маңызды. Онсыз әлемдік ғылыми орталықтармен байланысқа шыға алмайды, ғылыми мағлұматтарды жинақтауға мүмкіндіктері шектеледі.

«AMANAT»

Медициналық қалпына келтіру жүйесі: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалында Әйелдер қанатының жұмыс кездесуі өтті. Кездесу мегаполистегі медициналық мекемелер өкілдерімен бірге медициналық қалпына келтіру жүйесін дамыту мәселелеріне арналды.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нурия Ниязова, Алматы қалалық Мәслихат депутаттары Алтынай Көбеева мен Айгүл Шалбаева, сондай-ақ қаладағы медициналық мекемелердің жетекшілері мен саланың тәжірибелі мамандары қатысты.

Кездесу барысында қалпына келтіру жүйесін дамытуға қатысты бірқатар бағыттар сөз болды. Атап айтқанда, пациенттерді қалпына келтіру орталықтарына жіберу схемасын оңтайландыру, заманауи мультидисциплинарлық тәсілдер негізінде бірыңғай сапалы стандарттарды енгізу, әр пациенттің әлеуетін ерте кезеңде бағалау арқылы жеке бағдарламалар әзірлеу және жүйені басқарудың тиімді үлгісін құру мәселелері қарастырылды.

Сенатор Нурия Ниязова бұл бағыттағы жұмыстың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, медициналық қалпына келтіру азаматтардың өмір сапасына тікелей әсер етеді. «Бүгінгі диалог көрсеткендей, тек заң шығарушы билік, атқарушы органдар және кәсіби медициналық қоғамдастық күштерін біріктіргенде ғана халықаралық стандарттарға сай заманауи, қолжетімді әрі тиімді жүйені құруға болады», – деді ол.

Кездесу соңында Алматыда медициналық қалпына келтіру қызметін дамыту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылатын болды.

ӘЛЕУМЕТ

«Шаңырақ» әлеуметтік орталығы: «ТҰЗ БӨЛМЕСІ» ашылды

Бұл әлеуметтік үйден қызмет алушылардың денсаулығын жақсартуға, олардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.



– Мұндай игі істер – мемлекеттің қоғамдағы әлеуметтік қолдау жүйесінің дамуына, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жан-жақты жағдай жасауға бағытталған саясатының айқын көрінісі. «Тұз бөлмесі» – орталықта тұрып жатқан қарттарымыз бен қызмет алушылардың денсаулығына оң әсер ететін, тыныс жолдарын жақсартып, жалпы иммундық жүйені нығайтатын бірегей терапиялық кеңістік, – дейді «Шаңырақ» әлеуметтік орталығының директоры Қалибек Ақылбеков.

Орталықтағы жақсы жаңалық ән-жырмен жалғасын тапты. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының артистері, «Бөпежан» әжелер ансамблі, сондай-ақ «Шаңырақ» тұрғындары мен қызметкерлерден құралған «Шабыт», «Позитив», «Наше время» ансамбльдері өнер көрсетті. Айымторы Каспиқызының өнерінің өзі бір төбе!

Жиын соңында орталықтың мәдени іс-шараларын ұйымдастырушы Нәзира Жүсіпбекова барша белсенді әріптестерін директордың атынан «Алғыс хатпен» марапаттады. Салтанатты іс-шарадан соң «Шаңырақ» тұрғындары мен меймандар Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты №45 кітапхана ұйымдастырған «Ата Заңым – айбыным!» атты кітап көрмесімен танысты.

ӘЛЕУМЕТ

МӘМС ЖҮЙЕСІ: алматылықтар онкоскринингтерден тегін өте алады

Қыркүйектен бастап алматылықтар онкоскринингтерден тегін өте алады. Бұған дейін бұл қызметті алу үшін «сақтандырылған» статусы қажет еді. Бұл туралы Алматы қаласының №6 қалалық емхана директоры Гүлшахира Камбарова мәлімдеді.

Айта кетсек, онкоскринингтердің қолжетімді болуы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамаға енгізілген өзгерістердің арқасында мүмкін болды. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар 8 ауруды диагностикалау мен емдеу де толықтай тегін болады.

ҚАНДАЙ СЫРҚАТТЫ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

- Жатыр мойны обырын ерте анықтау – 30–70 жас аралығындағы әйелдер;
- Сүт безі обырын ерте анықтау – 40–70 жас аралығындағы әйелдер;
- Колоректальды обырды ерте анықтау – 50–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер.



БАҒДАРЛАМАҒА ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕР КІРЕДІ?

Әйелдер жатыр мойны обырына тіркелген емхана арқылы тексеріледі. Акушер-гинеколог, онколог пен маммолог сынды мамандар кеңесіне жүгініп, УДЗ, маммография сынды тексерулерден өте алады. Сонымен қатар, сүт безі обырының алдын алу үшін бейнекольпоскопия немесе кольпоскопия, ПАП-тест, пункциялық биопсия мен гистологиялық зерттеулерге тапсыруға болады.

Колоректалды обырдың алдын алуға арналған тексерулерден ерлер де, әйелдер де өтуі тиіс. Профилактикалық іс-шаралар барысында олар хирург, онколог, гастроэнтеролог пен проктолог мамандардан кеңес алады. Сондай-ақ, үлкен дәреттегі жасырын қанды тексеру мақсатында шұғыл әдіспен гемокульт-тест тапсырады, жалпы видеоколоноскопия, эндоскопиялық биопсия және гистологиялық тексерулерден өтуге болады.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

МЕНИНГИТТЕН САҚТАНЫҢЫЗ

Қауіпті инфекцияны дер кезінде қалай анықтауға болады?

№1 қалалық клиникалық аурухананың эпидемиолог-дәрігері Зұлфия Еламанова адамдарды бейқам жүрмеуге шақырады.



– Менингит кезінде ми мен жұлын қабықтары қабынады. Бұл дертке, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер бейім келеді, әрі көбіне оның вирустық түрімен ауырады. Егер кенеттен басыңыз қатты ауырса, құсу жиілесе, жарық көзін ұнатпасаңыз, дене қызуы көтерілсе, тырысу, құрысу байқалса, басыңызды алға қарай еңкейткен кезде қиналыс сезімі білінсе, дәрігерге қаралған жөн. Балаларда әлсіздік, жылаңқылық пайда болады, тамақ пен судан бас тартуы мүмкін.

Менингиттен қорғанудың жолы оп-оңай. Қолды жиі жуып, тазалық сақтау ләзім. Күмән тудыратын суда шомылмаңыз. Имунитетті күшейтіңіз. Қауіп тнген жағдайда екпе салдырыңыз.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

ТҰРАҚТЫ СКРИНИНГ

кеселдің жолын кеседі

Тоқ ішектің қатерлі ісігі – әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы ең жиі кездесетін онкологиялық аурулардың бірі. Бұл – тік немесе тоқ ішекте дамиды қатерлі обыр.



Ауру көбіне ерте кезеңдерде баяу және айқын белгілерсіз дамидына қарамастан, дәл осы кезеңде оны анықтау және сәтті емдеу оңай. Сондықтан профилактика және тұрақты скрининг осы аурумен күресте шешуші рөл атқарады дейді мамандар.

Тәуекел тобына 50 жастан асқан ерлер мен әйелдер, артық салмағы бар, ет өнімдерін көп тұтынатын, талшықты тағамдарды аз жейтіндер, тұқым қуалайтын бейімділігі бар немесе ішек аурулары бар адамдар, темекі шегетіндер мен алкогольді шамадан тыс пайдаланатындар жатады.

Сондықтан елімізде 50–70 жас аралығындағы азаматтар арасында (50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жас) тоқ ішек қатерлі ісігіне скрининг жүргізіледі. Бағдарламаға жасырын қанға нәжіс талдауы және қажет болған жағдайда колоноскопия кіреді. Бұл – ауруды ерте анықтаудың тиімді әдістері. Тексеру ішек аурулары бойынша есепте тұрмаған адамдарға арналған.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

СУИЦИД – ҚАТЫГЕЗ ІНДЕТ

Өмірден түңілген жандарға үміт бар ма?

Адамзат баласына берілген ең құнды игілік – өмір болса, сол өмірге Аөкпелеп, өзіне-өзі қол салатындардың әрекеті бардың қадірін бағаламай, бақты басқа тепкенмен бірдей. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жер бетінде әрбір 40 секунд сайын бір адам өз-өзіне қауіп төндіреді. Кем дегенде тағы 10-ға жуығы суицид жасауға әрекеттенеді. Өкінішке қарай, заман ағымы ілгері жылжыған сайын өрескел қадамға барушылардың қатары көбейіп, бүгінде әлемдік дәрежедегі әлеуметтік маңызы бар келелі мәселеге айналып отыр. Суицид жиілігінің жаһандық көрсеткіштерінен Қазақстан жағдайының да мүшкіл екенін аңғару қиын емес.



(Cyber: kazpravda.kz)

Дана
САДЫРҚАН

Статистика не дейді?

2022 жылдағы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес, Қазақстандағы суицид көрсеткіші 20-орынды көрсетіп, ал 10–19 жас аралығы бойынша 10-орынға жайғасқан. 2023 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының статистикасы бойынша Қазақстан әлем бойынша 19-орында тұр. Оның ішінде 155 суицид жасөспірімдер арасында болған.

Биылғы жылдың алғашқы 6 айында ең көп суицид – 144 жағдаймен Алматы қаласында тіркеліпті. Екінші орында Алматы облысы (138), одан кейін Түркістан облысы (135). Ал ең төмен көрсеткішті көрсеткен өңірлер мыналар: Атырау облысында – 36, Маңғыстау облысында – 32 және Ұлытау облысында – 14 оқиға болған.

2025 жылғы қаңтар-маусым айларында барлығы 1639 суицид тіркелген, бұл былтырғымен салыстырғанда, 4,3 %-ға аз. Айта кетерлігі, еліміздің барлық өңірінде суицид жасаған ер адамдардың саны нәзік жандылардан 2-3 есеге көп.

МАМАН МІНБЕРІ

Айғаным ҚУАТҚЫЗЫ, психолог:

Адам қандай қиындыққа тап болса да, одан шығар жол бар

Жақындарының баланың ойымен санаспауы олардың бойында «мені ешкім түсінбейді», «менімен санаспайды», «мен не айтсам да ұққылары келмейді», «не істесем да жақсы көрмейді, онда маған өмір сүріп не керек», – деген аффектілі-қарсылық мінез-құлықтың қалыптасуына алып келеді. Осы орайда А.Г.Абрумова ұсынған суициденттердің мінез-құлқының классификациялық формасында суицидальді мінез-құлықтың кез келген ішкі және сыртқы психологиялық жағдайлардың өзін-өзі өлтіруді ойлауға бағыттайтыны айтылған. Өмірдің мәнін бағаламаған суициденттерден «өмір сүрудің қажеті жоқ», «өмір сүріп жатқан жоқпын, тек тіршілік етудемін» деген сөздерді естуге болады.

Ашықтан-ашық қоқан-лоққы жағдайда суицидті әрекет шартты түрде болуы мүмкін. Әрине, мұнда саналы түрде өмірге қауіпті әрекеттермен айла-амал жасалады. Бұл көбінесе ренжіткен адамды жазалау мақсаты, қоршаған ортасынан кек алу үшін қолайсыз жағдай туғызу тәсілі. Адам қандай қиындыққа ұшыраса да, одан шығар жол да бар. Бірақ сол жолды суицидпен байланыстыру дұрыс емес. Уақытша қиындықтарға төзе алмай, өлімге бару – көзі ашық, көкірегі ояу жандардың істейтін әрекетіне жат қылық.

Мамандардың пікірінше, адамдарды мұндай қадамға итермелейтін негізгі факторлар мыналар: тұлғааралық қақтығыстар; жалғыздық және қолдаудың болмауы; мектептегі буллинг; қарыздар, жұмыссыз қалу, ажырасу; ауыр дертке шалдығу; психологиялық және психиатриялық көмектің қолжетімсіздігі.

Балалар арасындағы суицид

Жасөспірімдерді суицид жасауға итермелейтін басты себептердің бірі – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы. Мәселен, суициденттің 40%-ы тек ананың тәрбиесін көргендер және ата-анасы ажырасқандар немесе ата-анасы үнемі ұрысып-керісетіндер. Ал 25%-ды жанұялық жағдайы қалыпты отбасылардан шыққандар құрайды. Ғылыми дереккөздерге үңілсек, әкелері ішімдікке бой алдырғандар психологиялық зақымға ұшырап, суицид деңгейінің 55%-ын, әулетінде жақсы қарым-қатынас орнатқанымен, шектен тыс тыйым мен қатал тәртіпке шыдамаған жасөспірімдер 10%-ды көрсетті.

Балалар арасындағы суицид Жапония, Оңтүстік Корея, Ресей, Оңтүстік Африка, Финляндия сынды елдерде жоғары көрсеткіште. Біздің елде де бұл тақырып өзекті мәселе санатында. Өрімдей балалардың өмірлерін қиюына ата-ана қамқорлығының жетіспеуі, депрессия, мектептегі әлімжеттік пен кемсіту түрткі болатынын психологтар дабыл қағып айтуда. Қазіргі таңда жәбірлеудің негізгі бағыты – буллингтің де қаупі өршіп тұр. Ашып айтқанда, буллингтің кең тараған түрі – жасөспірімдердің жеке басын кемсіту әрекеттері.

«Қылмыстық жауапкершілік»

Әлем елдерінде суицидпен қалай күрескен? Мәселен, Нигерия мен Кенияда суицид «қатыгез өлім» болып есептелген. Өзін өлтіруге әрекет еткендер анықталған жағдайда жаза қолданылған. Егер адамдар ағашқа асылған мәйітті көрсе, оны ағашымен бірге өртеп, денеге жақын туыстарын жолатпаған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейрман АСҚАР, әлеуметтанушы:

Ертеңгі күнге сенім жоғалмасын...

Қазақстанда суицидтің көбеюінің бір басты себебі – жастар саясаты, білім беру ісі, денсаулық сақтау салаларында күрмеуі көп күрделі мәселелер жетіп-артылады. Мұның бәрі суицидтің көбеюіне себеп. Мәселен, білім беру жүйесіндегі бақылау дұрыс емес. Мемлекетке баланың білімі емес, рейтингісі маңызды. Сондай-ақ, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайынан туындайтын жұмыссыздық, мұқтаждық, өмір сүру үшін жанталасу, кедейлік, ертеңгі күнге деген сенімнің жоғалуы – бұлардың барлығы да адамдардың торығуына, оның соңы суицидке алып келетін бірден-бір негізгі себептер.

Дархан АЙДЫНҰЛЫ, суицидтен аман қалған жасөспірім:

Армандарым – асқақ, мақсатым – айқын

Мен қиналып жүргенде көңіліме демеу болар, ақыл-кеңес берер ата-анам, ұстазым, досым болмады. Жасөспірімдер арасындағы суицид материалдық жағдайы жоғары отбасында да болады. Көпбалалы отбасы болсақ та, жанұямының әлеуметтік жағдайы сондай төмен емес. Мен бұл әрекетке қаржылай тұрғыда қиналғандықтан бардым деп айта алмаймын. Тығырыққа тірелген сәтте жалғызсырадым, тіпті «ешкімге керексізбін», «ешкім маған қызығушылық танытпайды» деген сезімдерді бастан өткердім. Қазір ата-анам, жақындарым менің жанымнан табылып, қолынан келгендерін істеп жүр. Өз-өзіме зиян келтіргім келгенін ойласам, ұяламын. Мен – отбасымның үмітімін, елімнің ертеңімін. Менің армандарым – асқақ, мақсатым – айқын. Меніңше, баланы жалғыздықтан құтқарудың бірден-бір жолы – сүйіспеншілік таныту, жылулық сыйлау. Әр ата-ана перзентін өмірді бағалай білуге үйретсе, қайғылы жағдайлардың дер кезінде алдын алуға болады.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№3/470-1188 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №34.1-34/1222-И және 2025 жылғы 23 шілдедегі №34.6-34.05/2063-И хаттарының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Хмельницкий көшесін узарту үшін, Алматы қаласы, Медеу және Түркісіб аудандарында «Қайрат» шағынауданынан Талғар тас жолына дейін орналасқан 27 (жиырма жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 3/470-1188 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

№ п/п	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Бациев Руслан Расулевич	20-317-104-045	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 21 учаске	жалпы-0,0580 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0012
2	Борщенко Галина Александровна	20-317-104-1219	Қайрат шағынауданы, 24 көшесі, 19/1 учаске	жалпы-0,2556 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0651
3	Касымова Гульбостан Шавдуновна	20-317-104-321	Қайрат шағынауданы, 23 көшесі, 41	жалпы-0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0209
4	Туленова Ширинай Абдумжитовна	20-317-105-057	Қайрат шағынауданы, Қазанғал көшесі, 26	жалпы-0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0020
5	Кайшибаев Данияр Нурланович, Кайшибаева Мадина Базарбековна	20-317-105-143	Қайрат шағынауданы, 15 көшесі, 44	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0042
6	Ануяр Айнуар Ануаровна, Бельгибаев Айдын Елуович	20-317-105-231	Қайрат шағынауданы, 16 көшесі, 42	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0031

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 3/470-1189 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 34.1-34/1223-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Тілеңдиев көшесін узарту үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін орналасқан 48 (қырық сегіз) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 3/470-1189 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

№ п/п	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Жайлаубаева Кулжан Бағыбаевна, Жуманов Айдарали Бабашович	20-321-003-233	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 18/1	0,0998
2	Бекенова Салима	20-321-003-315	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 15	0,0854
3	Айдарбеков Бекназар Жасузакович	20-321-003-610	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 16/1	0,0095
4	Айдарбеков Бекназар Жасузакович	20-321-003-611	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 16	0,0848
5	Оспанов Аскар Адәмвич, Абдухалиева Раушан Аманжоловна	20-321-008-037	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 53 А	0,0647
6	Ажимбетова Назгуль Чайкеновна	20-321-008-158	Дархан шағынауданы, Халифа Алтай көшесі, 43	0,1000
7	Бахбергенова Бақыткуль Абильдаевна	20-321-008-190	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 52	0,0759
8	Түменбаев Нурлан Асимович	20-321-008-210 (20-314-908-210)	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 50 А	0,0740
9	Айбергенова Кенжегуль Кыдырбаевна	20-321-008-241 (20-314-908-241)	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 53	0,0678
10	Бестібаев Дарын Елжанович	20-321-008-291	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 9	0,0798
11	Жорабек Болысбай Мадымарбекұлы, Кибитова Зейнеш Қурымбаевна	20-321-008-292	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 5	0,1643
12	Аскарова Айслух Қужахметовна	20-321-008-303 (20-314-908-303)	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 11	жалпы-0,0890, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0393
13	Дамысхан Сәбит, Хайрол Ардак	20-321-008-358	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 7	0,0818
14	Сайрамбаев Кыдырали Жарасбекович	20-321-008-359	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 48	жалпы-0,0826, үлесі-0,0400
15	Ұмбеталиева Асел Новардиновна	20-321-008-385	Дархан шағынауданы, Ташенов көшесі, 54	0,0803
16	Мусабеков Кожамет Мусабекович, Мусабекова Бадиша Кабдуахитовна	20-321-008-405	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 14	0,0747

7	Әділ Төлеген Кадыржанұлы, Балкенова Айдана Ганикызы	20-317-105-273	Қайрат шағынауданы, 16 көшесі, 39	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0030
8	Таева Акбота Адилевна	20-317-105-291	Қайрат шағынауданы, 14 көшесі, 43	0,0400
9	«КазСпецЭнергоСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-514	Қайрат шағынауданы, 297/2 учаске	жалпы-3,6260 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1397
10	«КазСпецЭнергоСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-543	Қайрат шағынауданы, 297/4 учаске	жалпы-1,8743 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1188
11	«Алматы» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы	20-317-105-516	Қайрат шағынауданы, 297/1 учаске	жалпы-1,9798 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0341
12	«МСС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-096	Қайрат шағынауданы, 53/13	жалпы-4,8813 иеліктен шығарылатын ауданы-0,7318
13	«BI Realty Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-356	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 1710/1 учаске	0,2503
14	«BI Realty Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-375	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 518/14 учаске	жалпы-0,4466 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3715
15	«BI Realty Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-376	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 518/13 учаске	жалпы-1,7693 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0830
16	«BI Realty Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-377	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 518 учаске	жалпы-2,5963 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0271
17	«BI Realty Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-106	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 518/1 учаске	жалпы-0,2227 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0262
18	«Сармат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-397	Қайрат шағынауданы, 135/2 учаске	жалпы-1,8462 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1601
19	«Сармат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-401	Қайрат шағынауданы, 135/16 учаске	жалпы-0,2006 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0133
20	Сечкина Крестина Сергеевна	20-315-061-154	Медеу ауданы, 7 көшесі, 300/10	0,0800
21	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-061-189	Халиуллин көшесі, 196/15 учаске	0,0006
22	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-061-191	Халиуллин көшесі, 196/16 учаске	0,0006
23	Иманкулова Лязат Тупедияровна	20-315-061-292	Халиуллин көшесі, 194/13 учаске	жалпы-0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0067
24	Мамиев Мурат Исламолы, Мамиева Эльнара Хайруллаевна	20-315-062-417	Құлжа тас жолы, 58/7 учаске	0,2820
25	Мамиев Мурат Исламолы, Мамиева Эльнара Хайруллаевна	20-315-062-419	Құлжа тас жолы, 58/6 учаске	жалпы-1,8074 иеліктен шығарылатын ауданы-0,8219
26	Жасыбай Бөкенбай Жиынбайұлы	20-315-062-193	Құлжа тас жолы, 56/3 учаске	жалпы-0,1134 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0041
27	«Астана Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-028	Құлжа тас жолы, 60	жалпы-0,8895 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3353

17	Закиров Рашиддин Аршидинович Закирова Светлана Нурмукановна	20-321-008-422	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 10	жалпы-0,0755, үлесі -0,0372
18	Кебиров Гожалим Сайдахметович	20-321-008-422	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 10	жалпы-0,0755, үлесі-0,0383
19	Аширбаева Мария, Әжібай Аружан Асқарбекқызы	20-321-008-437	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 12	0,0722
20	Дилдабаева Кунсулу Исакуловна	20-321-008-446 (20-314-908-446)	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 305 А	0,0626
21	Ғалымжан Бағян	20-321-008-466	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 3	жалпы-0,0640, үлесі-0,0248
22	Билал Низира	20-321-008-466	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 3	жалпы-0,0640, үлесі-0,0392
23	Узақбаев Бауыржан Полатович, Дилдабекова Гульзана Абдилмаликовна	20-321-008-498	Дархан шағынауданы,Тайқазан көшесі,4	0,0765
24	Мекеев Мурат Мукашевич	20-321-008-539 (20-314-908-539)	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 2	0,0397
25	Қадыр Ләлә	20-321-008-577	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 54/1	0,0605
26	Машуров Асым Ашимович	20-321-008-598	Дархан шағынауданы, Халифа Алтай көшесі, 41	0,0869
27	Нахметов Майдан Нуркаликович	20-321-008-623	Дархан шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 51/2	0,0417
28	Қутымбетова Калдыкул Кулмахановна, Болатбеков Есенжол Амангелдиевич	20-321-008-688	Дархан шағынауданы, Тайқазан көшесі, 8	0,0436
29	Каипназаров Умирузак Пирмаганбетович	20-321-012-036	Ұлжан-1 шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 141	0,0784
30	Ганиев Молотжан Мухамедович	20-321-012-040	Ұлжан-1 шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 143	0,0751
31	Байбосынова Нагима Каденовна, Саугабеков Болат Жаксылыкович	20-321-012-170 (20-314-912-170)	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 3	0,0801
32	Кельдибеков Рахат Шаймуратович	20-321-012-221	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 16	жалпы-0,0798, үлесі-0,0399 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0134
33	Абулбариева Зүлфия Султановна	20-321-012-221	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 16	жалпы-0,0798, үлесі-0,0399, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0116
34	Искакова Шолпан Мусиновна	20-321-012-243	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 22	жалпы-0,0756, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0230
35	Корженко Наталья Ивановна	20-321-012-277	Ұлжан-1 шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 10,1 корпус	жалпы-0,0925 үлесі-0,0405
36	Молотова Зайтуням Изизовна	20-321-012-277	Ұлжан-1 шағынауданы, 593	жалпы-0,0925, үлесі-0,0520
37	Акишев Ахылбек Керуенбекович	20-321-012-345	Ұлжан-1 шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 139	жалпы-0,1903, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0120
38	Қазахбайұлы Самат	20-321-012-546	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 4	жалпы-0,0808, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0211
39	Жумашева Ажаркуль	20-321-014-308	Ұлжан-1 шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 223	жалпы-0,0791, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0109
40	Пиязов Сакен Зинельевич	20-321-014-556	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 75	0,0780
41	Жакенова Адеми Нурлановна	20-321-014-563	Ұлжан-1 шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 243	0,0407
42	Кабдосова Оразгул Ермуратовна	20-321-014-644	Ұлжан-1 шағынауданы, Тәкежанов көшесі, 55	0,0273
43	Общественный фонд Алатау Шаңырағы	20-321-015-147	Самғау шағынауданы, Аршалы көшесі, 64/3	жалпы-0,1048, иеліктен шығарылатын ауданы 0,0300
44	Букин Асхат Алькешович	20-321-019-025 (20-314-919-025)	Самғау шағынауданы, Аршалы көшесі, 58 Е	жалпы-1,0469, үлесі-0,0472
45	Тилегенова Кенжекул Кузембаевна	20-321-019-034	Самғау шағынауданы, Аршалы көшесі, 66	жалпы-0,0993, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0271
46	Ибадуллаева Нурбуби Абайдуллевна	20-321-019-038	Самғау шағынауданы, Аршалы көшесі, 68	жалпы-0,0999, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0600
47	Савенков Олег Алексеевич	20-321-019-038	Самғау шағынауданы, Аршалы көшесі, 68, 1 корпус	жалпы-0,0999, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0399
48	Алимбеков Айбек Султанказыевич	20-321-019-051	Самғау шағынауданы, Аршалы көшесі, 58/5	0,0202

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 3/470-1190 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы
(жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 9 шілдедегі №34.1-34.03/1936-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. 2027 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жол жүруді ұйымдастыру үшін Алматы қаласы, Бостандық ауданында орналасқан, жалпы ауданы 0,2105 га жер учаскесін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.
2. «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.
3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ПЛАН ГРАНИЦ ПУБЛИЧНОГО СЕРВИТУТА

Публичный сервитут проекта дороги общего пользования
для Комфортной школы по ул. Егизбаева



Масштаб 1:2000

Условные обозначения:

— - проектные границы публичного сервитута

1. 20-313-033-423 площадь - 0,0182 га
2. 20-313-033-422 площадь - 0,1127 га
3. 20-313-033-420 площадь - 0,0796 га

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің көрсететін мемлекеттік қызметтері

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:
1) «Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
2) «Прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
4) «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».
«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.eGov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ-на бармай-ақ, Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «eGovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.
Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.
Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.
Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.
«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметті автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.
Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.eGov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.
Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.
Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» www.eGov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.
Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

«Заң мен Тәртіп».
«Әкем мен Порядок».

АЛМАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

тұрғындармен кездеседі

Құрметті аудан тұрғындары!

2025 жылы 16 қыркүйек күні сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін Алматы қаласы, Түркебаев көшесі, 4 мекенжайдағы «Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназия» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Н.Шамшиннің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелер бойынша ұсыныстарды жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Telegram – almalyaudany, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

■ ІС-ШАРА

«ОТСЫЗ ӘЛЕМ»

оқу-әдістемелік бөлмесі ашылды

№187 бөбекжай-балабақшада «Отсыз әлем» атты өрт қауіпсіздігі бойынша алғашқы оқу-әдістемелік кабинетінің ашылуына арналған салтанатты іс-шара өтті.

Жасыратыны жоқ, тұрмыста кездесетін өкінішті жағдайлардың дені өртке байланысты болып жатады. Өкінішті жағдайдың орын алуына қараусыз қалған балалардың да үлесі бары жасырын емес. Осындай жағдай орын алмас үшін аталмыш ұжым белсене үлес қосып, тағы бір жаңашылдыққа мұрындық болып отыр.

Балабақшадағы шараға Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, майор Әнуар Асқар-ұлы, Түркісіб ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау капитаны Аслан Бейбітұлы қатысты. Сонымен қатар, аталған шара барысында тек от қауіпсіздігі ғана емес, табиғи апат орын алған кезде сақтануға, өзін қорғауға бағытталған жаттығулар көрсетілді.

Жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер, қатты дауылдан балалардың сақтануы сияқты тақырыптарда демонстрациялық, сахналық қойылымдар ұйымдастырылып, ойын арқылы іс-әрекеттер көрсетілді. Аталмыш шараға белсене қатысқан балақайларға тәтті сыйлықтар табысталды.

– *Болашақ – балабақшадан бастау алады. Халқымызда «Тәрбие – тал бесіктен» деген жақсы тәмсіл бар.Осынау аталы сөзді тілге тиек етіп, бүлдіршіндеріміздің өмірі жарқын болсыншы деп, табиғи апаттардан сақтану ережелеріне баулып жатырмыз, –* дейді бөбекжай-балабақша меңгерушісі Фарида Қызырханқызы.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 4 қараша, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 а, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 277 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ. Төле би к-сі, 251 а, 1-кеңсе, немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 20 қазан, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2025 жылғы 4 қараша, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 488 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ. Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 20 қазан, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Алмалы ауданының «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон: +7 (727) 378-88-04.
Instagram: tenqogam.almaly.2025.

«AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалы белгілі қаламгер, журналист, қоғам қайраткері

Қайым-Мұнар Тұрдақынұлы ТАБЕЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен барша жақын-жорасына қайғырып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

БІР ТІЛІК ҚАУЫН

Күз де келді. Бақша дақылдарының молынан өнім беретін мезгілі. Бала күнімізде біздің ауылға қауын-қарбыз сырттан келетін. Мектеп жақта, ауылдан шеткерірек жерде шағын дүкенде сатылатын. Ұзын-сонар кезек болатын. Көбіне шешелер тұратын кезекте. Әкелер түзде, жұмыста.

Бізді баласынып, кезек бермейді үлкендер. Бірақ бірдеңеден қалып қоятындай шешемізге еріп алатынбыз. Кезегіміз жетіп болмайтын. Бәріміз әлгі шағын дүкеннің әйнексіз ағаш терезесіне телміріп тұрушы едік. Дүкенші қауын-қарбызды сол терезеден қаппен беретін.

Кісінің көптігі соншалық, бір-бірін таптап жіберуге бар, аналардың ақ жаулығы басынан сыпырылып түсіп қалып жататын. Менің шешемнің де әлгі терезеден қауын-қарбыз толы қабын сығылысқан адамдардың арасымен суырып тартып аламын дегенше «маған, маған, менің кезегім» деп алға ұмтылғандардың арасынан екі өкпесі қысылған күйі, ақ жаулығы солай талай шешіліп қалған. Ашықтау жерге шыққан соң орамалын түзеп, сәл тынығып алатын. Сонда бағанадан көзім қызырып, сілекейім шұбырып қауын-қарбызды жегенше тағатсыздынып тұратын сәтімді ұмытып, мүлдем жегім келмей қалатын. Анамды аяғаннан.

Сонда шағын ғана қаптың ішіне екі-үш қарбыз, үш-төрт әңгелек қана сияды ғой, оны келесі күнге жеткізбей, шиеетей бала кешке дейін жеп қоятынбыз. (Ауылдың бәріне жетсін деп артық бермейтіні есімде).

Үш-төрт күннен кейін «Апа, ауылға қауын-қарбыз келіпті» дейміз тағы. Шеше байғұс баласы үшін кешегі қабын бір бүйіріне бүктеп ұстаған күйі, ақ жаулығы желбіреп тағы кетіп бара жататын. Жаным, шешем, сонда бізге жетсін, балаларым бір тойсын деп, өзі жемеген де шығар-ау!

Қазіргі қауын-қарбыздың дәмі дәл сол шақтардағыдай емес. Бірақ жегім келіп, аңсарым ауып тұрады. Бала күнімнің дәмін сезінгім келеді. Жастай жесір қалған анамның жетеуімізге бірдей ғып бөліп берген жүрегін, бізді осы күнге жеткізген жанкештілігін еске түсіріп тұратыны үшін жолай бұрылып сатып аламын.

(Осы естелікті Facebook-тегі парақшама жазған болатынмын. Оқырмандардың біразы жақсы естеліктерін бөлісіпті).

немесе балалық шақтан бір естелік-сыр

Лаура МҰҚЫШЕВА:

– Бірде, күздің қара суық күнінде неміс көршіміз орташа екі қарбыз әкеп берді. Таңсық ас, қабығына дейін қыршып жеп, ернімізді қайта-қайта жалап, дәмі біразға дейін кетпей, тамсана ұйқыға жаттық.

Түнде терезе қағылды. Әкем жолаушылап кеткен, жарты «Камаз» қарбыз алып келіпті. Түн суық, дірдек-теп түсіріп жүрміз. Қуанғанымыз-ай! Тойдық қарбыз-ға, дәмі тіл үйіреді, қып-қызыл. Қазір жоқ ондай қарбыз.

Жұлдыз ДАРХАН:

– Бір күні түнде әкем бір қап қарбыз әкелді. Түнімен сол қарбызды тауысып, қабығын түйеге турамай беріп сөз естігенбіз. Сонда әрқайсысымыз бір қарбыздан жеппіз. Қарынымыз қалай жарылмаған?! Бізді тойып жесін деп, «өздерің жей беріңдер, мен шәй ішем» деп отыратын еді-ау!

Қаныбек ҚЫПШАҚБАЕВ:

– Балалық шақ деген тәтті кезең ғой. Көрші Тастанбек атам бағбан еді. Бауында бәрі өсетін. Қауынының дәмі әлі таңдайымнан кетпейді. Ауыл балалары талай қауынын ұрладық. Есейе келе атамды көрсем ұялып, жерге кіріп кете жаздайтынмын. Атам жарықтық білсе де, мейірімді еді. Атам қалай кетті, қауын-қарбызы да өзімен бірге кетті...

Бисен БЕРДЕШОВА:

– Ата-анам қауын-қарбыз егетін. Сондықтан ерте көктемде жейтінбіз. Біздің бақшаның қауыны өте үлкен, әрі тәтті болатын. Анам қауын шамалы жүзін жу-ды-ау деген мезгілде әкеме көрсетпей алып келетін. Сосын сарайға домалатып жібереді де, бізге ақырын ғана сыбырлай, «қауын әкелдім, жеп алыңдар, біз шәй ішеміз» деп шығып кететін. Әкем марқұм білсе де білмеген болып отырады-ау сол кезде. Қайран, ата-ана қандай!

Гүлдана МАЛАЕВА:

– Аналардың еңбегін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Менің де анам дәл осылай қапты қолтығына қысып, бізді ізінен талай ертіп жүрген. Он бала едік. Ата-ене тағы бар. Ол кісілерді бізден де күшті баптайтын. Осы күні ойласам, қазанның түбінде қалған бір ожау сорпаны да бөліп беретін бәрімізге. Сонда өзі ашқұрсақ

жатады екен-ау. Біз үшін қандай ауыр жұмыс істеді?! Анашым, жүз жасаңызшы!

Айболат ДАСТАНОВ:

– Біздің бала кезімізде ауылда қауын-қарбыз сатылмайтын. Сатылатынын кейін қалаға келгенде білдік қой. Бақша екпеген үйге көршілері апарып беретін кең заман еді ғой ол кез.

Гүлзат ӘБСАДЫҚОВА:

– Рас, үйде қауын болмай қалса, көрші атаға жүгіріп барамыз, «ала қойыңдар» деп қараша үйді ашып береді, таңдап алып кете беретін едік. Неткен кеңшілік заман?!

Тотыгүл ҚАРЖАУБАЕВА:

– Атам өте жақсы адам еді. Біздің атыздағы қауын мақтамен бірге егілетін еді, сонсоң кештеу пісетін. Менің аяғым ауырлағанын енем атама айтты ма екен, атам қалаға барған сайын үлкен гүрбек қауын алып келетін. Ол ең бірінші болып пісетін қауын ғой.

Мен түскен шаңырақта сегіз ұл-қыз болды, мен 9-шы баласы болып қосылдым. Шалғай ауыл, жүктімін, мазам кетіп ештеңе ішпей, жей алмай жүргенімді білген атам мен үшін қауын көтеріп әкелетін. Көп бөлігін маған, қалғанын балаларына бір тіліктен ғана бөліп беретін. Соны қанағат етіп, бәрі мәз болатын. Атам да, енем де жемейтін.

Мен «өздеріңіз ше, сіздер де жесеңіздерші» десем, «жоқ, балам, шәйінді бере ғой, шәй ішейік» деуші еді. Қайран, ата-енем-ай, енді ғана піскен тәтті, жұмсақ қауыннан кім бір тілік жегісі келмейді десеңші! «Келін жесін, балдар жесін» деп отырады екен ғой. Мына естеліктер есіме атам мен енемді түсірді ғой.

Нұржамал ӘЛІШ,
журналист.